



29 мамыр, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

5 Аманат



6 Бірлескен барлау



8 Тыңда, дала, Жамбылды!



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



29 МАМЫР

• 1996 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Сингапурға ресми сапары барысында екі елдің Әуе қатынастары туралы келісімге қол қойылды.

• 2007 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер арасында өзара көмек туралы заңға қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес, қандай да бір тарапта аса ауқымды төтенше жағдай орын алып, өз күшімен оның салдарын жою мүмкін болмаған кезде екінші тарап оған көмек көрсетіп, құтқарушылар тобын жіберуі қарастырылған.

• 2014 жылы елордадағы Тәуелсіздік сарайында еуразиялық кеңістіктегі интеграцияны дамытудың сапалы жана кезеңінің басталуын білдіретін Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісімге қол қойылды.

• 2017 жылы «Бабалар ізімен» Қазақстан ғылыми экспедициясы Әзербайжанға барды. Ғылыми экспедицияның мақсаты – әлемдегі қазақтар мен түркілердің көші-қон іздерін зерделеу, сондай-ақ ғұн, түркі, қыпшақтар ұрпақтарымен танысу.

30 МАМЫР

• 2000 жылы Алматыда Республика сарайында «Дәстүрлер сыйлығы» фестивалі аясында Арал теңізі проблемасына арналған «Тақыр» алғашқы қазақ рок-опера-балетінің премьерасы өтті.

• 2003 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Санкт-Петербург қаласында қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың ескерткішін ашты. Бұл ескерткіш – Қазақстан халқының Петербургтің 300 жылдығына жасаған сыйы.

• 2009 жылы Алматыдағы Республика алаңында қымыздың 6000 жылдық тарихына арналған алғашқы «Қымызмұрындық» фестивалі өтті.

• 2012 жылы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өтті. Оның қорытындысы бойынша съезге қатысушылардың халықаралық қоғамдастыққа үндеуі қабылданды.

• 2013 жылы Құрманғазы шығармашылығына арналған халықаралық музыка фестивалінің қатысушылары Гиннес рекордтар кітабының қазақстандық аналогына енгізілді. «Мұнайшы» стадионында өткен концертте Қазақстанның түкпір-түкпірінен және көршілес Ресейден 1008 музыкант қатысты.

газетінде осы тақырыпта көлемді материал жарияланды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқарма бастығы, полковник Нұрахмет Ералиев облыс прокурорына аталған дерекке байланысты қылмыстық іс қозғау жөнінде хат жолдады. Іс қозғалып, сот-медицина сараптамасы жүргізілді. Нәтижесінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының жаппай жерленген орны айқындалды. «Сабаққұмда» ескерткіш орнатылып, жыл сайын еске алу шарасы өткізілетін болды» дейді.

Демек, ұлт зиялылары, жазықсыз жандардың мүддесі жерленген бұл жер – шерлі тарихтың куәсі, халық үшін киелі орын. Ескерткішке 2017 жылы бастапқы қалпын сақтай отыра қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, аумағы абаттандырылды. Жоба бойынша шағын аяла мен арнайы тағзым ететін орындар салынды. Сол жылы ауқымды митинг өтіп, зиялы қауым өкілдері және отандық, шетелдік ғалымдар қатысуымен ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

«ҚАРА ТІЗІМДЕ» БОЛУ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті заңнамалық актілерге қол қойды. Онда банктік, микроқаржылық, коллекторлық қызметті реттеуге қатысты мәселелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы айтылып, осынау жай ғана ресми хабарламада біздің күнделікті өміріміздің басты түйткілі туралы сөз болғанын атап өткіміз келеді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Өңгіме несие туралы болып отыр. Жасыратыны жоқ, қазақстандықтардың 90 проценті банк несиесіне тәуелді. Кейбір есептеулер бойынша ел халқының 30 процентінде екі реттен несие қарызы бар. Ол бүгінгі таңда үйреншікті дағдыға айналған. Халық несиесіз отыра алмайды. Қарыз шаш етекпен. Соңғы деректерге жүгінсек, Қазақстандағы және Қызылорда облысындағы берілген несиелердің өтеу мерзімі 90 күннен асып кеткені барлық борыштың 10 процентін құрайды. Егер жалпы халықтың 90 проценті несие алатынын ескерсек, бұл аз сома емес.

Жағдайдың күрделі екенін түсінген Қазақстан Президенті осыдан біршама уақыт бұрын өтеуі қиын несиелерге кешірім жасаған болатын. Негізінен бұл дұрыс қадам болды. Неліктен? Егер тұрмысы төмен отбасылары миллиардтаған теңге құрайтын тұтынушылық несие алып, оны қайтара алмай қарыз жыл сайын өсімпұлымен ұлғайса, бұдан экономикаға зияннан басқа дәнөне жоқ. Президент жағдайды ескере отырып, оларға кешірім жасады және оның бір мәртелік шара екенін ашық айтты.

Содан бері жылдан астам уақыт өтті. Енді Президент кредит тарихтарын сақтау мерзімін 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту туралы заңға қол қойды. Осы шешімнің заңдылық тәртібі көпшілікке ұнайды. Егер сіз белгілі бір себептермен несиеңізді өтей алмасаңыз, «қара тізімге» ілігесіз. «Қара тізімде» ұдайы болу жақсылықтың белгісі емес. Сол жылдың ішінде сізге несие берілмейді. Енді Президент пәрменімен осы уақыт тура жарты мерзімге қысқарып отыр. Былайша қарағанда несие алушыға да, банкке де тиімді.

Осы заңда коллекторларға қатысты талаптардың біршама қатайғанын аңғардық. Ендігі жерде коллекторларға бөтен телефон нөмірлерінен қоңырау шалуға тыйым салынады. Сондай-ақ олар заң бойынша борышкерлермен кез келген өзара әрекеттесу процесінің бейне және аудио жазбасын жүргізуге міндеттеліп отыр. Бұл нені көрсетеді?

Ресейде коллекторлардың берекесіз, тіпті тым қатыгез әрекетінің салдарынан қарызын өтемей жүргендердің көпшілігі соққыдан жаракат алып, мүгедек болған жағдайлар кездескен. Әлгі коллектор өзінің банктен

өтеп берген ақшасы үшін сыйақы аламын деп небір қатыгездіктерге барған. Ақша жарықтық не істепейді? Міне, осы жағдайды ескере отырып, Мемлекет басшысы коллекторларға қатысты талап ережелерін қатайтып отыр.

Барлығы – жақсылықтың нышаны. Сөйтіп, мемлекет мүддесін қорғайтын Президент өз халқының жағдайына орай тағы бір ізгілікті қадамға барды. Алайда, біз оған дайынбыз ба? Соңғы деректерге жүгінсек, халықтың несие алуға деген тәбеті әлі тарылмаған сынайлы. 2021 жылдың I сәуіріне Қызылорда облысында мерзімі өткен берешек сомасы 10 млрд теңгені құрайды екен. Бұл – негізгі қарыздың 3,4 проценті. Аз сияқты ма, қалай, бірақ бұл мыңдаған адам тағдыры. Тағы бір есеп бойынша облыста өтеу мерзімі 90 күннен асқан берешек сомасы 9,9 млрд теңгені құрайды. Жұырда ғана Қазақстан Ұлттық банкі облыстық филиалынан алынған дерек бойынша бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 процентке төмендеген. Бұл да – жақсылықтың нышаны.

Дегенмен, несиеңіз өтеуі халыққа өте қиын екенін жақсы білемін. Несие алғандар ай сайын оны соңғы тиынына дейін төлеп құтылады. Бір айдан соң бұл проблема қайтадан басталады. Макроэкономикалық көрсеткіштерді зерделейтін болсақ, жалпы Қазақстанда несиеңіз өтеу ставкасы өте жоғары. Соңғы уақытта мемлекет ипотекалық несие көлемін ұлғайтты. Оған қатысты бірқатар жеңілдіктер алдағы уақытта алынып тасалатын болады. Біздің түсінгеніміз, Үкімет несиеңіз қосымша қаржыландыруға үлес қоспайтын болса, оларды қайтару халық үшін тым қиынға түседі. Себебі Ұлттық қордан ұдайы қаржы бөліп отыру жақсылыққа апармайды. Не істеу керек? Біздіңше, халықтың тұтыну несиесіне деген тәбеті әлі жоғары. Тұтыну заттарына деген қызығушылық өсе түсуде. Ол жалпы несиеңіз 60 процентін құрайды. Цифрларға жүгінейік. Тұтынушылық мақсатына берілген несие көлемі облыста 173,8 млрд теңге құрайды. Жалпы қарыздағы үлесі 62 процент. Бұл дегеніміз – ойланатын мәселе.

Сонымен Президент ізгілікті шешім қабылдады. «Қара тізімнің» мерзімі екі есе қысқарды. Коллекторларға «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» табылды.



Суретті түсірген Бағдат Есқанов

ЖАС САРБАЗДАР ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық жиын пунктінде барып, мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды шығарып салу рәсіміне қатысты. Салтанатты шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранмен басталып, одан соң аймақ басшысы Отан қорғаушыларға әскери борышын өтеу кастерлі іс екенін айтты.

– Қазіргі уақытта облысымыз шақыру жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастырып келеді. Жыл сайын өңірден әскерге мыңға жуық азамат аттанады. Олар өздерін жақсы қырынан көрсетіп, міндетін жоғары жауапкершілікпен, абыройлы өткеруде. Біз – тарихта қайсар мінезімізбен, табанды ерлігімізбен танылған халықпыз. Ғасырлар бойы бабаларымыз «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» Ұлы Даламызды қорғап, сырттан төнген жауға бір қадам жерді бермей, туған атамекенімізді бүгінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Сіздер де батыр аталарымыз секілді бейбіт

заманға лайық ерлік көрсетіп, міндеттерінді абыроймен атқарады деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң мерзімді әскери қызметке шақырылған азамат Қуаныш Жалғасұлының анасы Қарлыға Байменова жас сарбаздарға ақ жол тілеп, олардың ата-аналарын ұлдарының Отан қорғаушы атануымен құттықтады.

– Мен бүгін ұлымның азамат болып, Отан алдындағы борышын өтеуге бара жатқанына өте қуаныштымын. Өйткені әскерге дені сау, мықты азаматтар аттанады. Әрбір ата-ана өз балаларының қабілетті, еліне адал қызмет еткенін қалайды. Біз бүгін бұл мақсатымызға жеттік

деп есептеймін. Аттанғалы тұрған барлық жастарға өз міндеттерін абыроймен орындап, туған жеріне аман-есен оралуына аналық тілеуестігімді білдіремін, – деді Қарлыға Байменова.

Айта кетейік, биыл ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысына сәйкес Қызылорда облысынан ҚР Қарулы Күштері және басқа да әскери құрылымдарға 644 азамат жолдануы қажет болатын болса, қазіргі таңда оның 438-і әскерге аттанған. Ал, салтанатты шарадан кейін Сыр елінен тағы 27 азамат Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан қызметінің Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан №5573 әскери бөліміне Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды.

Мұнан соң аймақ басшысы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына қарасты жиын пунктіннің жұмысымен танысты.

«СБ» ақпарат

● 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ШЕРЛІ ТАРИХТЫҢ КУӘСІ

Облыс орталығындағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш осыдан 23 жыл бұрын бой көтерді. «Арай» шағын ауданына бара қалсаңыз, азалы тарихқа тағзым белгісіндей еңселі ескерткіш бірден көзге түседі. Жанынан өткенде «нысанды тұрғызу үшін неліктен осы жер таңдалды, құрылыс нені бейнелейді?» деген ой келетіні рас.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Ескерткіштің биіктігі – 10 метр. Авторы – сәулетші Мәлік Сапарғалиев. Ескерткіш мазмұны жағынан «Біз біргеміз», «Елімізде бейбітшілік болсын!» деген ойды білдіреді. Сондай-ақ, 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияда «халық жауы» атанып, жапа шеккен Алаш арыстарының ақталғандығының көрінісін береді.

Айта кету керек, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан ТМД елдерінде тұңғыш рет «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылдады. 1997 жылы Президент Жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» белгіленді. Ал Қызылордадағы ескерткіш 1998 жылы орнатылды.

Тарихи белгіні салу үшін бұл жер бекер таңдалмаған. Ел арасында бұл төбе бір кездегі қанды жырғынның куәсі екені де жиі айтылады. Бұлай деуге негіз бар. Облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің тілшісі, журналист Мырқы Исаев – тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге үлес



қосқан адамдардың бірі. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник Әмірхан Бәкірұлы сұхбатында «Токсаныншы жылдары ағамыздың бастамасымен ату жазасына кесілгендердің жерленген орнын іздетіру басталды. Қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне ауыр жаза Қарауылтөбе қыстағы, қаладағы Қуйбышев көшесінің бойы, МАИ және Тасбөгет кентінің маңайындағы аумақтар орындалғанын жеткізді. Дәлел

ретінде Сырдария аудандық «Жаңадария» газетіндегі «Қырық молдаға түскен құрық», Теренөзек аудандық «Еңбек туы» газетіндегі «Алтын тіс арқылы танылған өлік» мақалаларын ұсынды.

1995 жылы 9 қарашада жергілікті «Сейхун» телеарнасынан қала шетіндегі сусымалы шегеқұмның арасынан бірнеше адам сүйегі табылғаны туралы бейнесюжет көрсетілді. Бұл жерді жұрт «Сабаққұм» атап кеткен екен. Ертеңіне қалалық «Ақмешіт апталығы»





АУДАНДАРДАҒЫ АУЫС-ТҮЙІС

Осы бейсенбіде бірқатар аудандарда ауыс-түйіс болды. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Арал, Қазалы, Сырдария аудандарында болып, жана әкімдерді таныстырды. Сонымен осы кезге дейін Арал ауданын басқарып келген Мұхтар Оразбаевтың орнына «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы қызметін атқарған Серік Сермағамбетов тағайындалды. Мұхтар Әуесұлы Қазалы ауданының әкімі қызметіне келсе, 2017 жылдан бері Қазалы ауданына басшылық жасаған Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданының әкімі болды.



Облыс әкімінің өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Арал аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Арал ауданының әкімі лауазымына Сермағамбетов Серік Сағитжанұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы жаңа аудан әкімін Аралда өткен жиында таныстырды.

Серік Сермағамбетов 1965 жылы Қазалы ауданында туған. Алматы халық шаруашылық институтын экономист, Гумилев атындағы Евразия университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Балық шаруашылығы министрлігінің материалдық-техникалық жабдықтау орталық базасының аға экономисі болып бастаған.

1991-2018 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратында аға инспектор, Қызылорда қаласы әкімінің қаржы-шаруашылық басқармасының бастығы, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жетекшісі, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы, Жалағаш ауданының әкімі, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы лауазымдарын атқарған.

2018 жылдан бастап осы кезге дейін «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы қызметін атқарып келді.



Облыс әкімінің өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Қазалы аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Қазалы ауданының әкімі лауазымына (ротациялық тәртіппен) Оразбаев Мұхтар Әуесұлы тағайындалды.

Облыс басшысы жаңа аудан әкімін Қазалыда өткен жиында таныстырды.

Мұхтар Оразбаев 1971 жылы Арал қаласында туған. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы «Аралбалық» акционерлік қоғамы автопаркінің механигі ретінде бастаған. 2000-2016 жылдары Арал ауданы әкімі аппаратының жетекші маманы, бас маманы, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімі аппаратының басшысы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

2016 жылдың қараша айынан бастап Арал ауданының әкімі қызметін атқарып келді.



Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Сырдария аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Сырдария ауданының әкімі лауазымына (ротациялық тәртіппен) Ерғешбаев Мұрат Нәлхожаұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова жаңа аудан әкімін Сырдария ауданында өткен жиында таныстырды.

Мұрат Ерғешбаев 1966 жылы Қызылорда қаласында туған. Алматы халық шаруашылығы институтын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Сырдария ауданында Жамбыл кеңшарының экономисі ретінде бастап, Сырдария аудандық өнеркәсіп бірлестігінің бөлім бастығы қызметтерін атқарған. Сондай-ақ облыста банк саласында түрлі басшылық лауазымдар атқарып, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының вице-президенті болған.

2008-2017 жылдары Қызылорда қаласының әкімі, облыстық қаржы басқармасының бастығы, Қармақшы және Шиелі аудандарының әкімі, Алматы қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары, «ҚазАгроӨнім» акционерлік қоғамының басқарушы директоры, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2017 жылдың қазан айынан бастап Қазалы ауданының әкімі қызметін атқарып келді.

● САПАР

Облыс әкімі өңірдің батыс аудандарына жұмыс сапары барысында бірқатар елді мекендерді аралады. Алдымен Арал ауданына қарасты «Саркөл» аймағындағы мәселеге назар аударды.

КӨЛДІҢ КҮЙІ АЛАНДАТАДЫ

Аманөткел ауылына қарасты «Лайкөл», «Саркөл», «Қамыстыбас» көлдерінің суы жағадан 500 метрге дейін жылыстап, балшыққа айналған. Суға түскен мал ұйыққа батып, көл жағасында өлексесі көбейген. Қуаңшылық жайылымды жүдетіп тұр. Көл суының ластануы төрт түлікке қиындық тудыруда.

Аманөткел ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен елді мекендегі ерікті жастардан арнайы топ құрылған. Олар осы тұстарда үй жануарларының суға батып кетпеуін қадағалап келеді.

– Сырдария өзеніне судың аз түсуі ауылшаруашылық саласына айтарлықтай қиындық келтіруде. Біз осы мәселені шешу бағытында тиісті шараларды қолға алып жатырмыз. Жакында өңірімізге арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов трансшекаралық өзендегі мәселеге қатысты мемлекетаралық келісімдер жасалып жатқандығын айтты. Сондықтан су тапшылығы проблемасы алдағы уақытта шешімін табады деп үміттенеміз, – деді облыс әкімі.

Аманөткелдегі жағдайдың жай-жапсарын білген облыс басшысы орынбасары Бақыт Жахановқа мәселені күн тәртібіне шығаруды жүктеп, аудан әкімі Серік Сермағамбетовке облыстық экология департаменті мен төтенше жағдайлар департаменті және құзырлы органдармен бірлесіп мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын қарауды тапсырды.

«ӘЙТЕКТЕГІ» ҚҰРЫЛЫС ӨТЕ МАҢЫЗДЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аудандарға сапарында Сырдария өңіріндегі «Әйтеке» су торабын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

2004 жылы «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы аясында салынған су торабы Сырдария мен Жалағаш аудандарының аумағындағы 16 мың гектар («Әйтеке», «Саркөл» және «Елтай» арналары арқылы) егістікті сумен қамтамасыз етуге арналған. 2019 жылы 23 қыркүйекте су торабының төменгі бөсф арнасының 6,23 метр тереңдікке шайылу және ұзындығы 16,6 метр шпунтты қабырғаның 52 см тереңдікке шөгуі орын алды. Осыған орай жедел шаралар қабылданып, нысандық төтенше жағдай жарияланды.

2019 жылы облыстық бюджеттен 38 млн теңге және Үкімет резервінен 50 млн теңге қаражат бөлінді.

2020 жылы жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге республикалық бюджеттен 48 млн теңге және 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде «Әйтеке» су торабын қайта жаңғырту» жобасына 700 млн теңге бөлініп, 308,1 млн теңгесі игерілді. Жобаның жалпы құны 826,3 млн теңге.

Қазіргі кезде бетон құю, армосеткалар орнату, насос қондырғыларымен суды

сорып алу, шпунт свайларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Нысанға 41 инженер-техник қызметкер және жұмысшы, 8 техника тартылды. Жобаны іске асыруды аяқтау үшін 2021 жылы республикалық бюджетті нақтылау барысында 472,9 млн теңге бөлінді. Бүгінгі күні жөндеу жұмыстарының 40 проценті аяқталып отыр.

– Өңірімізде су арналарын жазарту және үнемдеу шаралары қазіргі жағдайда біз үшін аса маңызды. «Әйтеке» су торабын жаңғырту жұмысы уақытында әрі сапалы орындалуы қажет. Өйткені Сырдария мен Жалағаш аудандарында күріш алқаптары осы нысанға тікелей тәуелді, – деген облыс әкімі көтерілген мәселелердің күнделікті өз бақылауында болатынын айтты.

ДӘНДІ СУҒА БАСТЫРУДА КЕШЕУІЛДІК БАР

Облыс әкімі Қармақшы ауданы Жаңажол елді мекеніндегі «Жаңажол» ЖШС-да бірнеше шаруашылық басшыларымен кездесті.

Жалпы, Қармақшы ауданында биыл 25215 гектар егін егу жоспарланған. Су тапшылығына байланысты күріш егісінің көлемі 500 гектарға азайтылып, әртараптандыру бағытына мән беріліп отыр. Мәселен, өткен жылы жалпы егістегі күріштің үлесі 59,6% құраса, биыл 52,1%. Бүгінгі таңда 11310 гектар

алқапқа дән себіліп, 9038 гектар күріш суға бастырылды. Су тапшылығына байланысты күріш бастыру жұмыстары кестеге сай жүргізілмей келеді дейді шаруашылық басшылары.

Аймақ басшысы бұл мәселелер бойынша тиісті шаралар атқарылып жатқанын айтты.



Аудан жаңалықтары

«БОЗТОРҒАЙ» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Қызылорда. 26-27 мамыр күндері облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен балалар шығармашылығына арналған облыстық XXIII «Бозторғай» байқауы өтті.

Оған қала, аудан орталықтарынан келген талантты балғындар қатысты. Бас жүлдені А.Тоқтағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сыр сандуғаштары» ән үйірмесінің мүшесі Саят Сарманбек жеңіп алды. Екінші орынды Динара Серік иемденді. Дарынды шәкірттердің жетекшісі – Бағдауіл Сайынқызы.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Арал. Аудан әкімінің орынбасары Еркін Әбішевтің төрағалығымен 2021 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарының барысы туралы комиссия отырысы өткізілді.

Аталған жиынға әскерге шақыру комиссиясы мүшелері, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Б.Қуатов биылғы көктемгі мерзімде әскери қызметке шақыру жұмыстарының барысы туралы баяндады. Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты комиссия төрағасы қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, әскери қызметке шақырылушылардың уақытылы дөрігерлерлік куәландырудан өтуін қамтамасыз етуді тапсырды.

«БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Қазалы. Аудан әкімдігі жанынан «Баспасөз орталығы» ашылды. Заманауи талапқа сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген «Баспасөз орталығында» алғашқы брифинг өтті.

Оған республикалық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Қармақшы. Аудан әкімі Мұса Қалдарбек жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада жүлделер атанған оқушыларды қабылдады.

Жиында биылғы оқу жылында ерекше белсенділік танытып, дарынымен көзге түскен, білім бәсекесінде жүлделі орын иеленген оқушылар мен ұстаздарға сый-құрмет көрсетіліп, марапат табысталды. Ұстаздар да өз кезегінде артылған сенімді ақтап, шәкірттердің шығармашылығын шыңдау үшін алдағы уақытта да жемісті еңбек ете беретіндерін жеткізді.

БІЗ – БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ

Жалағаш. Балаларды қорғау күні қарсаңында «Біз бақытты баламыз» тақырыбында аудандық шара ұйымдастырылды.

Шара барысында «Менің отаным – Қазақстан» атты балабақша бүлдіршіндері арасында сурет байқауы өтті. Байқауға 5 мемлекеттік және 11 жеке балабақша қатысты. Ал, «Әкем, анам және мен» отбасылық спорттық сайыста 5 отбасы сынға түсті. Барлық қатысушылар білім саласының кәсіподақ комитеті тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аудандық Өнер мектебі балаларының музыкалық шеруі ұйымдастырылды. Шеру барысында музыкалық қойылым көрсетілді.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ

Сырдария. Аудандық ішкі саясат бөлімі және «Иман - 2013» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Зайырлы қоғамдағы дін мен дәстүр» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Оған облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы, республикалық ақпараттық тобының мүшесі Бактияр Оспанов, дінтану пәнінің мұғалімдері және жастар қатысты. Дін мен дәстүр тақырыбында мағұлмат беріліп, жастар ойын ортаға салды. Қатысушылар өздерін толғандырып сұрақтарын арнайы мамандарға жолдап, тұшымды жауап алды.

ДИҚАННЫҢ ЖАЙЫН БІЛДІ

Шиелі. Аудан әкімі Қамбарбек Мұбаракөв егістік алқаптарын аралап, шаруа қожалық басшыларымен кездесті.

Диқандардың жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі су жетіспеушілігіне байланысты дәстүрлі күріш дақылының көлемін қысқартып, есесіне майлы және мал азығы дақылдарын егуді қолға алу керектігін жеткізді. Осы мақсаттағы жұмысты жүйелеу үшін сала мамандарына бірқатар тапсырма берді.

«ҚАУІПСІЗДІК БІРГЕ» АКЦИЯСЫ

Жаңақорған. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мен аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері бірлесіп «Қауіпсіздік бірге» акциясын өткізді.

Онда суға шомылу маусымында су айдындарында адамдардың, балалардың қаза болуы мен жаракаттануын болдырмау мақсатында рейттік іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қауіпсіздік бірге» акциясы кезінде тұрғындарға балаларды ересектердің бақылауынсыз су айдындарына жібермеу керектігі тапсырылып, жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«СБ» ақпарат

ТҮСІНІСТІК ТІРЛІКТІ ӨРЛЕТЕДІ

Облыс әкімі Арал ауданынан кейін Қазалыдағы «Жалаңтөс батыр» ЖШС-ның егін алқабында болды.

Шаруашылық биыл 1560 гектар жерге дән сепкен. Оның 700 гектары күрішке арналса, 150 гектарға жаздық бидай егілген. Топырақ құнарын арттыру мақсатында шаруашылықтың 569 гектар жерін ескі жоңышқа, 240 гектарын жаңа жоңышқа алып жатыр. Облыс әкімі шаруашылықтарда аяқсу тапшылығын жою мақ-

сатында суды кезекпен беруді ұйымдастыруды аудан басшылығы мен сала мамандарына тапсырды. Шаруашылық басшыларына Сырдария өзеніндегі судың аздығына байланысты өзара түсіністікпен әрекет ету қажеттігін айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Тәуелсіздік және Елбасы

«Достық үйінде» Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік және Елбасы» атты тақырыпта дөнгелек үстел өтті. Оған «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы, Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі Бақытбек Смағұл, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы қауымдастығының» төрайымы Анар Ізден, «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері кеңесі» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Әлібек Жаров, бірлестік өкілдері, этно-мәдени орталықтың жетекшілері, қалалық және аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері қатысты.

Кездесуде Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл хабарлама жасап, Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі еліміздің жеткен жетістіктерін баяндады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында еліміз талай қиын кезеңдерді еңсеріп, бүгінде әлем таныған мемлекетке айналғанын атады. Мұнан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы сөз алып, ардагерлер ұйымының құрылғалы бері атқарып келе жатқан жұмыстарын саралады. Елімізде ардагерлерге әлеуметтік, медициналық көмек түрлері жылдан-жылда артып келе жатқанын айтты. Ал, өңірдегі қоғамдық бірлестіктердің жұмысы туралы «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы қауымдастығының» төрайымы Анар Ізден кеңінен әңгімеледі. Бүгінде қоғамдық ұйымдардың саны артып, белсенді жұмыс атқарып жатқанын сөз етті. Сонымен қатар ол үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жүйелеу, дамыту мақсатында өз ұсынысын да білдірді.

«Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері кеңесі» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Әлібек Жаров қоғамдық бірлестіктің негізгі қызметіне тоқталып, азаматтық борышына адалдық танытқан азаматтарға мемлекет тарапынан қолдаудың артып келе жатқанын айтып, ұйымның жеткен жетістігіне тоқталды.

Шара соңында бірқатар азаматқа облыстың «Құрмет» грамотасы мен облыс әкімінің арнайы Алғыс хаты табысталды.

«СБ» ақпарат

Зиянкестермен күрес басталды

Облыста ерекше қауіпті зиянкестерге қарсы жүргізілген мониторинг қорытындысымен был 60 мың гектардан астам жерге химиялық өңдеу жүргізілді. Егін мен жайылымның басты жауы саналатын шегірткені жоюға арнайы жұмыс тобы да құрылған.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»



Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы зиянкестерге қатысты дайындық жұмыстарын пысықтап, жыын өткізді. Облыс әкімінің орынбасары Б.Жаханов қатысқан жиын барысында шегірткеге қарсы препараттар мен техникалық жабдықтар таныстырылды.

– Быыл шегірткеге байланысты химиялық өңдеу жұмыстары жоспарға сай жүретін болады. Облыста осы зиянкес түрін екіге бөліп қарастырамыз. Үйірлі және саяқ шегіртке деп бөлінетін жәндіктермен күресте қаржы да екі тараптан бөлінеді. Мысалы, үйірлі шегірткемен күреске республикалық бюджеттен, саяқ шегірткемен күреске жергілікті атқарушы орындардан ақша қаралады.

Үйірлі шегірткенің өзін екіге бөлеміз. Соның ішінде италияндық пруска қарсы был 12940 гектар жер өңделсе, азиялық шегірткеге қарсы 47948 гектар жерге арнайы препарат себіледі. Бұған үш мердігер кәсіпке катысады. Бұның барлығы комитеттің күнделікті бақылауында, – дейді облыстық аумақтық инспекция басшысы Еркебұлан Бекжанов.

Инспекция басшысының айтуынша, шегірткеден тазарту жұмыстары жылдан-жылға азайып келеді. Бытыр облыста 72 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілсе, был ол көрсеткіш азайған.

– Әрине, бұл – осы кезге дейін атқарылған жұмыстардың нәтижесі. Осы жыныда әр аудандық баратын техника мен дәрілік препараттардың бөлінісі белгілі болады. 1 маусымнан бастап шілдеге дейін шегірткемен күрес толасыз жүргізіледі. Әзірге барлығы бақылауда, был шегірткеден қауіп болмайды, – дейді ол.

Айта кету керек, зиянкестерге қарсы күреске 8 арнайы жер агрегаты, 3 жеңіл ұшақ (дельтоплан) және 2 ұшақ қатысады. Ал был саяқ шегірткеге қарсы 47 мың гектарға жуық жер бақылауға алынған. Бұл жұмыстарға 33 маман, 19 зерттеуші, 26 автокөлік қатыспақ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



Баяғы Бейімбет атамыздың «Қайдан келесің, соттан келемін» дейтін өлеңінің өміршендігі бүгінгі біздің заманымыздың да күн тәртібінен түскен жоқ. Сондықтан ел ішіндегі татулықтың тінін үзбей, түбін бұзбай ұстап тұру қай кезде де сот қызметінің міндеті болып келеді.

Тәуелсіздіктің отыз жылында сот саласында ізгілендіру, қолжетімділік, азаматтардың құқық қорғауды жетілдіру секілді жаңашылдықтар жолға қойылды. Солардың ең бастысы – билер кеңесі, сотқа дейінгі татуласу орталықтарының жұмысы болғаны анық.

Осы мәселелер жөнінде біз облыстық Соттар әкімшісінің басшысы Сағатбек Сүлейменнен сыр тарттық.

ІЗГІЛІКТЕН САЛҒАН ІЗ АДАСТЫРМАС АДАМДЫ

– Сағатбек Болатбекұлы, сіз сот саласында көп жылдан қызмет етіп келесіз. Тергеуші, криминалист, Бас прокуратордың аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, Шиелі аудандық, Қызылорда қалалық №2 сот төрағасы, Ауданаралық қылмыстық соттың төрағасы, Бас прокуратордың аса маңызды істер жөніндегі көмекшісі, департамент басшысы, Жоғарғы сот төрағасының кеңесшісі секілді қызмет сатыларынан өттіңіз.

Алдымен отыз жыл бедеріндегі сот жүйесінде орын алған өзгеріс пен жаңалықтарға бір тоқталып өтесіңіз...

– Елбасы егемендіктің алғашқы күндерінен-ақ тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіледі.

Тәуелсіздік табалдырығын атаған 1991 жылдан бастап жүргізілген реформалар дербес сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, сот жүйесінің ұйымдық негіздерінің дамуына, соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталды. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер әрбір азаматтың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, сот билігіне деген сенімді күшейтті.

2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды қадамы болды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы жақетті деңгейде қамсыздандырылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруге аталған заң өз үлесін көтті. Осы уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылды. Алкабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебаиланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді.

2015 жылғы Ұлт жоспары сот жүйесі дамуының жаңа кезеңіне негіз қалады. Бес сатының орнына үш сатылы – бірінші саты, апелляциялық, кассациялық саты аталымындағы сот құрылымына көштік. Судьялар корпусы мен сот әктілерінің сапасына қатысты талап күшейтілді.

Республика бойынша 2002 жылы мамандандырылған экономикалық соттар, 2004 жылы әкімшілік соттар, 2010 жылы қылмыстық істер жөніндегі соттар, 2012 жылы көмектестік толмағандардың істері жөніндегі соттар құрылды.

Елбасының 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық орлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздің заңдарын ізгілендіру мақсаты қойылды. Соттар балама жаза түрлері мен бітімгершілік рәсімдерін қолдана бастады. Ал, Елбасының осы жылдың тамыз айындағы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында «Қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерді кеңейтуге, оның ішінде медиация институтын дамытуға, сондай-ақ, жеке ашық айыптау қылмыстық істерінің санатын кеңейтуге» тапсырма беріп, 2011 жылы дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде «Медиация туралы» заң қабылданды.

– Жоғарғы Сот Төрағасының кеңесшісі бола жүріп, сотқа дейінгі татуласу жобасының жетекшісі есебінде барлық облыстарды аралағаныңыздан хабардармыз. Жоба қандай нәтижелер берді?

– Бұл тікелей Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Қажыманұлының бастамасымен құрылған жеті жобаның бірі болатын.

Осы пилоттық жобаны сынақтан өткізу үшін алдымен қазақтың қаймағы бұзылмаған, ұлт құндылықтарын сақтай білген қасиетті өлке Сыр өңірін таңдаған едік.

Бұл жобалардың негізгі мақсаты – даудың барлығы сотта шешіледі деген нанымды, сана парадигмасын өзгертудің жолдарын табу. Мұндай жолдарға үгіт-насихат арқылы жұртшылыққа дауды шешудің балама әдістерін үйрету, татуласу орталықтарын ашып, тегін, сапалы, кешенді қызмет көрсету, билер институтын жаңғырту, оны дау шешудегі балама әдіс ретінде қолдану секілді жаңашылдықпен жетуге болатынын дәлелдедік.

Осы кезеңде біз статистикалық мәліметтерге сай бір Қызылорда облысында адам басына шаққанда әрбір бесінші азаматтың дауға тартылып, соттасып жүргенін байқадық.

Қазақ халқы – ежелден уәжте тоқтап, сөз кәдірін білген халық, аңғалдығы мен адалдығын жоғалтпаған, дана халық. Бір атын бір атым насыбайға бере салған жомарт жұрт. Осындай сақталған қасиеттеріміз бола тұра ұлттық санамыздың улануы ма, әлде жаһандану толқынының әсері ме, күннен-күнге кесірілі, жылдан-жылға жалалы болып бара жатқан қылмызды қалай жасырамыз. Осыны тоқтату, болмаса қалыптасқан ахуалды мұнан да жақсарту түсу өз қолымызда екенін естен шығармауға тиіспіз. Жалпы қандай да бір бастаманың мәні мен мақсаты ізгілік пен игілікті көзделсе, оны түсінбейтін адам, тыңдамайтын құлақ болмайды.

Статистикалық мәліметтерге сай, өршіл тұрған даулардың көпшілігі неке бұзу, баласын, ата-анасын, жұбайын асырау үшін алимент өндіру, тұрғын үй, жер, мүлік даулары болып келеді.

Біздің аймақта 2020 жылы неке бұзу санаты бойынша 2449 талап арыз түскен, әрбір үшінші неке бұзылған. Сонда, орта есеппен әр отбасында 2 бала бар деп алсақ, бір жылда 5 мыңға жуық бала әке немесе ана тәрбиесінен айырылып, әлеуметтік жетім балалардың қатарына қосылады. Дәстүрлі құндылықтар арзаңдап, материалдық игіліктер көбірек дәріптелетін бүгінгі қоғамда бір-біріне деген мейірім мен сыйластығы азайып, адамдар да қатыгезденіп барады.

Бізге ажырасу оңай шешілетін процедураға айналған. Әрине, ажырасу тек әйелге емес, бала-шағасын асырай алмайтын бойкүйіз ер адамға да байланысты болып жатады, кейде. Баяғыдағы ерден кетсе де, елден кетпейтін аяулы жандар жоқ, қазір. «Кімнің қызы қайтып келмей жатыр» деген сөз төркіні де сонда.

Ажырасуды қоғамымыз қор көрмейтін болған соң, жасы да, кәрісі де оған арланбайтын болды. Отбасы адам баласының алтын дінгеі, ұлттық тәрбиенің ошағы, мемлекеттің тірегі дейтін болмақ, бұл қалпымызбен қайда барамыз деген заңды сұрақ туындайды. «Атадан ұл туса игі, ата жолын куса игі» деген қазақ жаңылған отбасында жарымжан баланың қалыптасатынын қашшан-ақ білген. Бұл ұлттық қасірет, еңдеше! Ал, соттар ерлі-зайыптыларға тек татуласуға мерзім берумен шектеліп, олардың арасында жұрмейді, қарым-қатынас жасап үгіттей алмайды, процессуалдық емес қатынасқа түсе алмайды.

Бұл әлеуметтік құбылыспен қоғам болып бірігіп күресу керектігі әлдеқашан айтылып келе жатыр емес пе?

Сондықтан да, оларға ақсақалдардың кеңесі, медиаторлар мен кәсіби психологтардың, жастар саясатымен айналысатын ұйымдардың жүйелі көмектері қажет.

Ал, жер дауы, мүлік дауларының түбіне үңісек, жанжалдасып қалған жандар бір-бірін жегенім деп, ымыраға келмей, соттың есігін тодырады. Сотты адамдар



өш алудың құралына айналдырып алған. Келісу мәдениетіміз мәнін жоғалтқан. Жан-жағындағы ағайын-туыс дауды басудың орнына, олардың қолтығына су бүркіп, мәселені ұшықтыруға бейім.

Бір кісі өз көршісімен оның қорасындағы жайқалып тұрған теректің жапырағы менің қорам түсті деп соттасқан. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деген қасиетті сөзіміз қайда қалды, сонда?

Мұндай ұсақ-түйекпен соттасқандардың өзі бітімге келе бермейді, себебі, ол уақытқа дейін ашуға беріліп, бір-біріне ауыр сөздер айтады, ызалары ұлғайып, моральдық және материалдық шығынға ұшырайды.

– Сотқа дейінгі орталықтардың шешімімен бітімге келетіндер көп пе?

– Жанжалдасып қалған адамдардың арасындағы дауды сотқа жеткізбей, оны ұшықтырмай бітіммен, ымырамен шешу олардың арасындағы ашу-ызаны басып, кешірімге келтіре алады. Өздері білетін, елге белгілі ақсақалдардың аузынан «Алдына келсе – атанның құнын кеш» деген асыл сөз есту оларға тез ой салады. Мұндай мысалдар би-шешендер тарихында өте көп.

Ата жолымен еліне еге болып, ауыл-аймағына ақылын айтып, өзара даудан, араздықтан сақтап келе жатқан игі жақсыларымыз да баршылық. Солардың бірі ретінде Н.Лиясов ауылының ардагер ақсақалдары қолға алған қоғамдық бірлестік қызметін атап айтуға болады. Ынтымағы жарасқан, дуалы ауыздан айтылған сөзге тоқтаған халқы бар мұндай ауылдар аз емес. Мысалы, Қармақтың ауданының Көмекбаев ауылында осы бүгінге дейін дау қуған немесе сотталған бір адам болмапты.

Осындай дәстүрді әрбір ауылдан көрсек, нұр үстіне нұр. Біздің көтеріп отырған мәселеміз де – осы.

«Сотсыз татуласу орталығы» – айттысып жүрген ағайындарымызды ымыраға келтіріп, бітімге шақыратын, оның артықшылығын, ұқтымыз жағын ашып көрсететін, сотқа жеткізбей татуласатын орын.

Оған – медиаторлар, психологтар, отставкадағы судьялар, елге кәдірі бар ақсақалдар, т.б. мықты мамандар топтасқан.

Орталық тек дауды шешу ордасы болып қана тұрмай, ол халықтың санасына оң әсерін тигізетін, соттасудың өзі ұят екенін, табиғатымызға жат қылқы екенін насихаттайтын, ұлттық идеологиямызды нығайтатын қоғам ордасы болып тұя.

Соттар дау шешуден қашып отырған жоқ, керісінше, елімізде дауласушылардың көбейіп бара жатқанына алаңдаулы. Елбасымыз, халықтың өмір сүру салтына бейімдеп, тікелей бастама көтеріп отырғанды оны жолға қоятын, қолға алатын азаматтардың да әріден ойланатын кезеңі келді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының да негізгі өзегі осы – ұлы санаға, ұлттық болмысқа оралу. Ал, өзара татуласу, ауыл-үйдің әңгімесін сотқа дейін жеткізбеу мәселесі де – рухани жаңғырудың бір тармағы. Себебі, біз қазақтың төл болмысындағы «ұят болады», «ағайынның азары болса да, безері жоқ» деген қасиеттерімізді жоғалту алдында тұрмыз. Бұл – ашы да болса ақиқат.

– Қазіргі күні облысымызда татуласу орталықтарының жұмысы жақсы жолға қойылған деп айта аласыз ба?

– Өкінішке орай, олай емес. Татуласу орталықтары ашылып, қайта жабылып жатыр. Оның негізгі жұмысы да елдің ынтымағы, яғни, әкімшілікке қарайтын құзырлы орындардың жұмысын жеңілдету емес пе? Осыны түсіндірудің қажеті бар ма?

Бұл орталықтардың әуелі басшысы, билері, медиаторы, психологы алқалы түрде таңдалып, жергілікті бюджеттен айлық алып, халыққа сапалы, тегін қызмет көрсетулері қажет. Сонда ғана

орталық соттың баламасы түріндегі дау шешетін орын, әлеуметтік мәселелерді де шешетін орда болады.

Орайы келгенде айтып өткен жөн. Облыстық Билер кеңесінің жұмыс кабинеті жоқ. Осы орталықтар қайта жандандырылып, Билер кеңесі орталыққа орналасып, қызметін халыққа ұсынса, дауласушы азаматтарға тиімді болар еді!

Дегенмен де, облысымызда Билер кеңесі жұмыс істейді, оны Сыр еліне белгілі ардагерлеріміздің бірі Зейнолла Нұрсейітов ағамыз басқарып келеді. Оның да өз тарапынан шешіп жатқан нәтижелі жұмыстары бар. Ауылдың ауыз-біршілігін қалыптастырып, іргесін бүтіндеп отыруға жалғыз Билер кеңесі билігінің аздық ететіні айтпаса да түсінікті.

Олар арасында адамдардың тату өмір сүру қағидаттарымен айналыса алады. Осыны тез түсініп алған республикалық телеарналар «Кел, татуласайық», «Дау-дамайсыз» деген тікелей хабарлар ашып, елді әрі қызықтырды, әрі елге тәрбие таратты. Біздің жобаның нәтижесіндегі «продукт».

– Өзіңіздің жұмысыңыздың бағыттары мен міндеттерін атап өтесіз бе?

– Соттардың үздіксіз жұмысын толықтай ұйымдастырып, материалдық жағынан қамтамасыз ету – соттар әкімшісінің негізгі қызметіне жатады.

Қызылорда облысы соттарының материалдық-техникалық базасы талапқа сай деп айтуға толық негіз бар. Қалыпты жұмысты қамтамасыз ету мақсатында судьялар мен мамандар тиісті құралдар орнатылған қажетті бөлмелермен қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың бастамасымен жеті жоба саланың қарыштап дамуына септігін тигізді.

Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік соты 2019 жылдан бастап істерді 100 процент электронды түрде қабылдап, электронды форматта қарап келеді. Республика бойынша әкімшілік істерді қабылдап, қарауды толықтай электронды форматқа көшірген алғашқы сот. Айта кету керек, бұл жұмыстарды ұйымдастыруда кеңсе меңгерушісі Айгүл Абылаеваның еңбегі зор.

Сонымен бірге, 2019-2020 жылдан бастап электронды форматқа толықтай көшірілген соттардың кеңсе меңгерушілері жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.

Соттар істі электронды түрде қарап, іс бойынша қабылдаған сот әктілерін аталған жүйеге енгізеді. Бұл әдіс тек қана сот жүйесін емес, барлық мемлекеттік органдарға қағазбастылықтан арылуға, уақытты үнемдеуге, жүйе жұмысының ашықтығын арттыруға мүмкіншілік беріп отыр.

Сот отырыстарына мобильді қосымшалардың көмегімен қашықтан қатысуға болады. Мұндай мүмкіндік азаматтардың уақытын үнемдейді, сот отырысының уақыты өткізілуін қамтамасыз етеді. Әсіресе, қазіргідей карантиндік шектеулер кезеңінде заманауи технологиялар өзінің тиімділігін дәлелдеп, кез келген істе таптырмас құрал екендігін көрсетіп отыр.

Сот отырыстары өткізілетін залдардың барлығы бейне және аудио құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Бұл – процеске қатысушы әрбір адамның құқықтары қорғалады деген сөз. Сот процестеріне жаңа технологияларды қолдану сот төрелігінің ашықтығы мен айқындылығын айшықтап, хаттама сапасын арттырады.

2020 жылдың 16 наурызынан бастап пандемия кезінде барлық соттарда сот отырыстары қашықтан – Zoom, WhatsApp, True Conf, тағы басқа бағдарламалар арқылы өтті. Өткен жылы 19556 сот отырысы онлайн жүйеде жүргізілген. Әр күн сайын 100-120 сот отырысы онлайн өткен. Мұнан сот мәжілістерінің бір күнге де тоқтамағанын көруге болады, бұл – сот мамандарының тынымсыз қызметтерінің арқасында қол жеткізілген үлкен нәтиже.

Бүгінгі күні онлайн режимінде сот процестеріне қатысушы кейбір тараптардан мобильді бейнеконференц байланыстың сапасының нашарлығы туралы келіп түсетін шағымдар да жоқ емес. Алайда, қашықтан өткізіліп жатқан сот процестерінің сапасы процеске қатысушылардың интернет жылдамдығына тікелей байланысты.

Біздің міндетіміз сот төрағаларымен бірігіп, судьяларға алаңсыз қызмет етулеріне жағдай жасау.

Мұндағы мақсат – еліміздің азаматтарының сапалы да әділетті сотпен қорғану құқығын қамтамасыз ету, азаматтардың сотқа деген сенімін одан әрі арттырып, Конституцияға мен заң талаптарының бұлықтайтын орындалуына ықпал ету. Сот төрелігінің әділдігі мен толық орындалуы – еліміздің кеме болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы үздіксіз жүріп отырады. Сондықтан, оны үздіксіз жетілдіріп, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қоғамның біртұтас дамуына оң әсерін тигізеді.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



● 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

КӘРІ ТАРИХ ТАМЫРЫНДА БҮЛК-БҮЛК СОҚҚАН БІР СОЙҚАН

Тарихтағы бұл қаралы күн Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылдан бастап аталып өтеді.

Сб Дүйсенбек АЯШҮЛЫ,
«Сыр бойы».

Саяси репрессия қашан басталды?

КСРО республикаларында репрессия 1928 жылдан басталды. Қазақ елінде алдымен Алаш қайраткерлері тұтқындалды. Оларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Соның салдарынан Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбакиев, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және тағы басқа зиялылар ату жазасына кесілді.

Ресми деректер Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, 25 мыңнан астам адам атылды дейді. Олардың арасында ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері, дәрігерлер болған.

Күштеп көшірілгендер және қазақ жеріндегі лагерлер

Репрессия жылдары Қазақстанға 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың корей, 507 мың Солтүстік Кавказ елдерінің өкілдері жер аударылды. Сондай-ақ, қазақ жеріне Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен өзге де ұлт өкілдері күштеп көшірілді. Жалпы елімізге 1 миллион 500 мың адам жер аударылды.

«Халық жауларын» анықтау бойынша қатаң саясаттың салдарынан қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да зардап шекті. Олар үшін Қазақстанда АЛЖИР (отанына опасыздық жасағандардың әйелдері қамалған Ақмола лагері), Карлаг (Халықтың ішкі істер комиссариатының Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг (саяси тұтқындарға арналған лагер) арнайы лагерлері құрылды.

Аруларды аяққа таптаған азап орны

Қазақстандағы ең ірі лагерь – АЛЖИР болыпты, бұл жерде сол кездегі саясаттың тілімен айтқанда, «отанына опасыздық жасағандардың» әйелдері қамалған («Акмолинский лагерь жен изменников родины»).

Талайдың тағдырын тәлкек еткен қамақ мекемесі КСРО ішкі істер халық комиссариатының бұйрығымен 1937 жылы 15 тамызда Ақмола қаласының жанындағы Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде құрылған. 30 гектар жерді алып жатқан лагерьдің Қарағанды және Ақмола облыстарында бірнеше бөлімшесі болған. Бұл жерде 62 ұлт өкілі жазасын өтеген. Қазақстандағы лагерлерге КСРО-ның түкпір-түкпірінен мал тиейтін вагондармен әйелдер әкелінген.

Ол вагондарды сол кезде «сталиндік» немесе «столыпиндік» деп атаған екен. Әйелдер өздерінің қайда келе

жанында Жаланащ деген көлден қамыс шауыпты. Әр әйел күніне 40 бау қамыс жинауы керек болған. Егер бұл талапты орындамаса, оларға бір тілім нан да, тамақ та бермеген.

Мұндай деректер АЛЖИР мемориалды-музей кешенінің архивінен және «Қанмен жазылған хат» деп аталатын деректі фильмде кездеседі.

Қазақ ауылдары лагерьдегі әйелдерге шамасынша көмектесіп тұрған. Көктемде әйелдерді тікенек сымнан шығарып, егін ектірген. Жергілікті жұрт тастың астына нан, ет қалдырып кетіп жүрген. Оларға әйелдермен сөйлесуге болмайды. Себебі, барлығын күзетшілер қалт жібермей қарап тұрады. Сондықтан қазақтар тамақты қайда тастағандарын ыммен, қамшымен түсіндірген. Ал, ауыл балалары тікенек сым қоршау ішіне күрт лақтырған. Күзетшілер олардың әрекетін сатқындардың әйелдерін жек көріп, таспен шөкелеп жатыр деп ойлаған.

Осы оқиға жайында қазақтың талантты ақыны Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал» деп аталатын поэма-реквиемі бар. Сол мұнды жырдан бірер сөз:

... Қасиетін қара тасқа қашатқан,
Тас атпаған кім кімге де ас атқан.
Мейіріміне мейірлене шөлдеген,
Бартағай баланда емес ол деген.
Азаматқа көңілінің жоқ аласы,
Құрт лақтырған қайран қазақ баласы.
... Жаланащкөл маңында,
Сол АЛЖИР-дің жанында.
Құрт лақтырған анасына қазақтың,
Құрт лақтырған баласына қазақтың.
Алтын кешен салып қойсақ қайтелі,
Жарасар ед, әй, тегі...

340 мың қазақстандық ақталды

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, заңсыз қудалған азаматтардың құқығын қалпына келтіру жұмыстары елімізде тоқтаған жоқ.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды.

1997 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Тәуелсіздік жылдары 146,5 мың кінәсіз айып тағылған қазақстандықтың аты жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заннамаға сәйкес 340 мыңнан астам қуғын-сүргінге ұшыраған азамат ақталды.

2011 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды облысындағы Карлаг орнында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі ашылғанын атап өтіп, жазықсыз сотталғандарды ақтау жұмысы жалғасатынын айтты. «Этностық және діни тегі бөлек миллиондаған адамдар, тоталитарлық жүйенің дйіріменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін күнәсіз сотталып, туған жерлерінен аяусыз айдалып, ГУЛАГ түрмелерінде жазықсыз көз жұмды. Біз үшін, азат, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы



ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922 жылдары ұзаққа созылған қарсыз қыс жауынсыз жазға ұласты. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкелді. Орал, Орынбор, Костанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында құрғақшылықтан егін шықпай қалды.

Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдар мен шабындықтар толықтай күйіп кетті. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс Торғай уезінде малдың жаппай қырылуына әкеп соқты. Салдарынан Қазақстанның көпшілік ауданы ашаршылық құрсауында қалды. Кейбір деректерге сәйкес, 1921 жылдың күзіне қарай Кеңес одағында 20 миллионнан астам адам аштыққа ұшырады. 1922 жылдың наурыз-сәуір айларында Қазақстанда ашаршылық ұшығып кетті.

ҚазОАК төрағасы Сейіткали Мендешевтің 1922 жылғы 8 шілдеде ҚазОАК-тың III сессиясында жасаған баяндамасында осы жылдың көктемінде алынған толық емес деректер бойынша қазақ жерінде аштыққа ұрынғандар саны 2 миллион 832 мың адамға жеткені айтылады. Ал, 1920 жылдың соңында халық саны 4 миллион 781 мың 263 адам болған. Оның 50,3%-і қазақтар, 31,2%-і орыстар, 14,4%-і украиндар.

1932-1933 жылдар

Бұл жылдардағы ашаршылық 1925 жылы Ф.И.Голощекиннің Қазақстанға басшылық қызметке келуі себеп болған. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, «Кіші Октябрь» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанған. Сол арқылы ол халықты ұжымдастыруға күштеп, тап өкілдерін теңестіру сылтауымен қазақты малынан айырды. Нәтижесінде 1931-1933 жылдары жаппай ашаршылық орын алып, қазақ халқының саны 49 процентке кеміді. Одан кейінгі жаппай жазалау кезеңі 1937-1938 жылдары жалғасып, қазақ зиялыларын түрмелерге жауып, кейін ату жазасына жалғасты.

2012 жылы Астанада «Ашаршылық құрбандарының рухына тағзым» атты монументтің салтанатты ашылу рәсімінде Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы аумағындағы 1932-1933 жылдары болған ашаршылық адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі екенін атап өткен болатын.

«Сол кездерде Қазақстанда ғана емес, Ресей, Украина, Беларусь жерлерін қамтыған алапат ашаршылық 7 миллион адамның өмірін жалмады. Жасанды зауалдан ең қатты зардап шеккен халықтың бірі қазақ еді», – дейді Елбасы.

жағымсыз үні алыстай берді...

Олар мұнан әрі №2 ауылдан да бірнеше адамды әй-шайсыз көліктеріне тиіп алып, Қызылорда қаласының іргесіндегі «Қошқар ата» қорымының жанындағы құмның етегіне келіп тоқтады.

Тоғыз тұтқын, төрт сұр шинель киген жендет. Олар тұтқындардың қолына күрек берді. Тоғыз адам өз көрлерін өздері қаза бастады.

– Тез бол, күн батып барады? – деп айқайлады біреуі.

«Баратын жеріңнен қалып қоясын» деп жаны ашып тұрған адам секілді. Өз көріңді өзін қазу қандай ауыр?! Дүниеде мұнан асқан азап бар десе, оны мына тоғыз адамның жай-күйін түсінбеген біреу айтсын. Осы шұңқыр қазылып бітпесе екен, құм суысп құлап, титықтаып таң атса екен дейді олар. Бірақ тоғыз соқталдай азамат, тоғыз күрек қимылы көр емес, көлдің орнын аршып тастауға жететін күш. Әне-міне дегенше шұңқырдың ені төрт метр, тереңдігі екі метр бола қалды.

– Сапка тұрындар! – деп санк етті бір дауыс.

- Байгонов Қалмаш!
- Мен...
- Тышқанбаев Омар!
- Мен...
- Жауымбаев Қайыппназар!
- Мен...
- Мірахметов Жанұзақ!
- Мен...

Осылайша тоғызын да түгендеп алды. Мына азаматтар фәни дүниеге шыры етіп келгені өзіннің аты-жөнін талай рет ататты, сөз жоқ, соның біріне қуана қарады, біріне ренжи қарады. Бірақ солардың бәрі дәл қазіргі атын атағаннан басқа, тым басқа.

Бүгін олардың атын атаған дауыс соншалықты суық әрі қорқынышты. Қылдан да жіңішке тағдырды табанына тірек қылып тұрған тоғыз жан сол сәтте қандай ойда болды екен?

Жанұзақ қу тірлігінде қанша жайдары адамдармен жүздесті. Соның бәрін көз алдына әкеле алмайды, әрине. Ал, соңғы рет көріп тұрғаны сұр шинелі аяғына төгілген мына төртеу. Адам боп көз біткелі мынадай сурықсыз түсті көрген емес. Дүниенің ең соңғы түсі сұп-сұр болады екен-ау.

Кенет... тұла-бойына мұздай сүңгі бойлай кіріп, оттай ыстық жүрегің

кеудесінен суырып алғандай тым қысқа әрі тым ащы үн гүрс етті. Жалған дүниенің соңғы үні...

Тоғыз адам өздері қазған шұңқырға топырлай құлады. Төрт мылтық үш мәртеден атқанда тоғызы да жаһәннамдық болған шығар. Осыны ойлаған төртеудің бастаушысы шұңқырға бір сәт үңіліп тұрды да, «Көміңдер!» деді. Қараңғы түсіп кеткен еді. Шұңқырдың бетін ыспа құммен толтыра тегістеп, машина гүрілі қалаға қарай кетіп бара жатты.

ойнатты. Осының бәрін сырттай көріп-біліп, үш ай бойы ауыл сыртын паналап жүрген Қалмаш жазықсыз жандарға мұнан әрі жапа шектіргісі келмей, өз еркімен НКВД-ның қолына келіп түседі. Көп ұзамай олар Омар Тышқанбаевты да тауып алады, ақыры екеуін де атып тынады.

Ал, Қошқар ата қорымынан мәңгі мекен бұйырған №1 ауылдан Жанұзақ Мірахметов, Сәтен Ершокаев, №8 ауылдан сол кезде облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы болып қызмет еткен Қайыппназар Қауымбаев, Нұрлан Мектепов, Үйсінбай Дошанов, №10 ауылдан Есмұхан Тәжиев, №14 ауылдан Дәуренбек Ершокаев секілді 25 пен 40 жастың арасындағы арыстар еді.

Ал, Байжанов Зүбәйра сынды он жылдан алып, жазықсыз сотталып кеткендер қанша?! Түрме мен ауыр жұмыс азабынан олардың жат жерде көз жұмғандары да көп.

Сол аяулы жандар өздерінің даладай кең, таза көңілдеріндегі өмірге деген құштарлықты, адалдық пен азаматтық парызды кейінгі ұрпағына аманаттап қалдырды.

Ел ішіндегі әңгімелер

Ел аузындағы біз естіп жүрген біраз әңгіме сталиндік қуғын-сүргіннің белең алған кезі, 1937-1938 жылдары жаптым жала, жақтым күйемен нақақ кетіп қалғандардың көп екенін көрсетеді.

Солардың екі-үшеуі – мынау.

Сейтімнің сыбайласы

Қызылорда маңындағы бір ауылда Сейтім деген бай болыпты. Бай деген атты бізге жеккөрінішті еткен сол кеңестік саясат қой. Қазақ «өжемесен де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деп неге айтқан? Өйткені, бай – елдің асыраушысы. Әрине, енді бай болған кім көрінгенмен жалпылдаса бермесе керек, ессесіне өзінің жақын араласатын адамдары болады. Оларға былайғы жұрттың қызығатыны да шын.

Бір мақтаншақ ауыл адамы сол Сейтімнің үйінің маңына барып, басын әңтек көтеріп, көпті көрмегендей тісін шұқып тұрады екен. Сонда біреулер оған: – Негіп тұрсың? – дейді ғой.

– Сейтімнің үйінен ет жеп шығып едім, – дейді ол. Жұрт айта жүрсін дегені ғой. Өйтпесе ол Сейтімнің қолын алуға да жарамайтын бір жан болса керек.

Кейін Сейтім көмпескеленіп, сотталғанда біреулер оны байдың сыбайласы, үнемі үйінен ет жейтін деп сыртынан көрсетіпті. Сөйтіп, мақтанамын деп сол сорлы да сотты болып кетіпті.

Бас-басына он жыл қайда?

Сол заманда сот үкімін шығару үшін көп дәлел керек болмаса керек. Тек үштік шешсе болды. Ол үштік – НКВД-ның, революциялық кеңестің және бір жергілікті атқару комитетінің мүшесі. Бұл заңды ұйым ба, жоқ па, оны да ешкім екшеп жатпайды. Оларды сол үшін де «құпия тройкалар» деп атаған болар. Өйтеуір олардың «антисоветтік элементтерді» жою машинасы болғаны анық.

Солардың алдына бір топ адамды әкеледі екен.

- Мынау не істеген?
- Халық жауының досы.
- Он жылға.
- Мынау не істеген?
- Бидай ұрлаған.
- Он жыл.
- Мынау не істеген?
- Малын жасырған.

Үштіктің ішінде малын жасырғанның туысы отыр екен, сонда сол кісі айтыпты:

– Сендердің бас-басына бере беретін он жыл қайда? Саған бір жыл да жетеді, – депті жекіп. Оның сөзін қалған екеуі құптапты.

Бюстін сүртем деп бетіне түкіріп...

Аудандық атқару комитеті ғымаратының алдында Лениннің бюсті тұртыпты. Кеңс қарауылы ертелеп ескерткіш жанына бара қалса, бюсттің бетіне құстың саңғып кеткенін көреді. Жемінен сүрткілесе, жағалданып кете қоймапты. Содан шал жұмсартып алмақ оймен «түф» деп түкіріп кеп жібермей ме, дәл соны көріп қалған біреу жоғарыға: «Қарауыл Лениннің бетіне түкірді» деп жеткізіп барады.

Байғұс шал сол жаламен он жылға сотталып кетіпті.



жатқандарын білмеген. Оларға «күйеулеріңмен кездесесіңдер» деп айтқан. Ол кезде жылдам жүретін пойыздар қайда, сондықтан олардың сапарлары айлап жалғасқан.

Әйелдер қақаған аязда тоңып, үсіп кететін жағдайлар болған. Танертең ұйқыдан тұрған кезде шаштары мұз болып қатып қалған. Ал, вагондар бекеттерге тоқтаған кезде арнайы күтіп тұрған адамдардың қол зембіліне бірнеше әйелдің өлі денесін әлдебіреулердің беріп жіберген сәлемдемесі секілді лақтырып кетіп отырған. Бейбақтардың туған-туыстары олардың өлі-тірісін ешқашан білмеген, сондықтан өздері о дүниелік болғанша бір келер деп зарыға күткен.

Лагерьдегі әйелдер жиырма сағаттап жұмыс істеген. Олар АЛЖИР лагерінің

үшін оларды еске алу және есте сақтау қасиетті парыз. Әділеттіктің салтанат құруы үшін біз Қазақстанда кең көлемді жұмыс жүргізіп келеміз. Тоталитаризм құрбандары жерленген жерлерде ондаған ескерткіш белгілер орнатылған. Бұрынғы ГУЛАГ лагерлерінің орындарында мемориалдық кешендер жұмыс істейді», деген еді Н.Назарбаев.

1921-1922 жылдар

Сонымен қатар 31 мамыр – ашарлық азабынан қаза тапқандарды еске алу күні. Қазақ даласында ашаршылық 2 рет болды: 1921-1922 және 1932-1933 жылдары.

Азамат соғысы аяқталғаннан соң Кеңес одағының халқын тағы бір

Тарихи деректерге сәйкес, 1932-1933 жылдары ең кемі 2 миллион қазақ аштықтан ажал құшты. Ал, 200 мың қазақ басқа мемлекеттерге көшіп кетті.

Қошқар ата хикаясы

1937 жылдың 27 қыркүйегі күні талма бесінде қорабын презентіпен жаппан бір машина «Аққұм» қолхозына гүрілдеп келді де, дәл Жанұзақтың үйіне тақала тоқтады. Ішінен төрт адам секіріп түсті, түрлері өрт сөндіргендей.

– Жолдас, Мірахметов, сен тұтқындалдың!

Неге? Кім бұйрық берді? Не істемек? Мұндай сұрақтарды ешкім де қойған жоқ. НКВД қызметкерлері де оны түсіндіріп жатпады. Машинаның



Аманат

Бұл шағын естелікте мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің ауылы, адал жары Дәмеш Еркекова-Жүргенова туралы айтқым келеді.



Анамыз бізді араға екі-үш жыл салып үлкен қалаға, оқуға дайындап апарушы еді. Үйімізде кітап өте көп болатын. Сол кітаптарды, көркем шығармаларды оқушы едік. Сабак үлгеріміміз де жақсы. Осының барлығын анамыздың өзі қадағалайтын.

Оқуға қабылданып, жатақ-ханаға орналасқанша Дәмеш Еркекова-Жүргенованың үйінде болатынбыз. Ол кісі үнемі қуана қарсы алып, дастарханды түрлі тағамдармен жайнатып жіберуші еді.

Ертенгілік екі ана бізге киім-кешек, оқу құралдарын алып бермек болып дүкендерді аралап кетеді. Біраздан соң сатып әкелген киімдердің олқы жерлерін тез арада-ақ қып-пішіп өлшемін шақтап, қайтадан тігіп беруші еді. Дәмеш ана анамызға көрпе, жастық тыстары мен төсеніштерін дұрыстатып жатып:

– Үш бірдей қарт кісің бар, мына жеті баланы қалай асырап жетілдіріп отырсың? Сен нағыз жігітсің, сенің есімдің Дүйсенкүл емес Дүйсенкүл, – деп арқасынан қағатын.

Осылайша Дәмеш Еркекова-Жүргеновамен үнемі байланыста болдық. Әсіресе Т.Жүргеновтің інісі Бетай Қараұлының қыздары Әминна, Галия Қуановалармен бірге үй шаруасына көмектестік. Үйдегі жоғарғы сөрелерде тұратын ыдыс-аяқтарды алып жуатынбыз. Орнына қайта жайғастырып, шаңын сүртіп, жатын төсеніштерді үтіктеп, еденді жуып тазалап болған соң, дастархан басында Дәмеш апамыздың әңгімесін үніс тыңдайтын едік.

– Арысманн айырылған соң мені де атышулы АЛЖИР түрмесінде ұстады. Онда басқа да мемлекет қайраткерлерінің әйелдері болды. Түрме басшылары «күйеулерінің тап жаулары екенін мойындасандар, босатамыз» деп қысым көрсетті. Мен бұл ұсыныстан бас тарттым.

Қаншама ауыр күндерді бастан кешіріп, бірақ тура жолды таңдай білдік. Ол сегіз жылдан соң ақталу қағазын алдым. Қалған өмірімді аталарының есімінан ақталуына арнадым. Ақталу қағазын қоламы алған күндегідей шексіз қуаныш пен бақыт сезімін ешқашан бастан кешкен емеспін.

Азаматтың арманға айналған бейнесін кейінгі кезде жиі түсімде көріп жүрмін. Оған деген алау кеудемнен бүгінге дейін өшкен жоқ, өшпек те емес. Қан кешкен аталарының өмір жолын ұмытпаңдар, балаларым.

Сендер де ұрпақтарыңа айта жүріңдер...

Үкіметтің жасап жатқан құрметіне ризамын. Темірбектің «Әр ауданда бір мектептен ашылса» деген арманы орындалды. Ұрпақтары оқу орындарына, мектептерге, көшере есімін беріп, ескерткіш орнатып жатыр. Мұның бәрі де тектен-тек емес қой деп ойлаймын. Оның өсиетін түсіне білді, – дейтін.

Әлі есімде анамыз бауырымды алып қалаға келгенде пәтерді ұмытып қалып, әр есіктің қонғуынан баса жүріп сұрас-тырады. Екінші қабаттағы пәтерден орта жастағы ер кісі күле шығып жөн сұрайды. Керекті пәтерді, яғни Дәмеш Еркекова-Жүргенованың пәтерін сұрай бастағаннан-ақ күлімсіреп тұрған әлгі кісі тез арада түсін суытып, «білмеймін» деп есігін тарс жауып алады. Сөйтсе, іздеген пәтері үстіңгі қабаттың бірінде екен. Кейіннен осы болған жай-түйі анамыз айтып бергені сол еді:

– Салқындық әлі де бар ғой, әлі де бар ғой, – деп Дәмеш апа еңкілдеп жылағаны есімде.

Екі ана осылайша сыр бөлісіп, кездесіп, қоштасарда қимастықпен тараушы еді. Араға уақыт салып үйіне келдім. Әдет-ғетейді бастан кешкендерін айта отырып:

– Қызым, казакша таза сөйлейсің, ауылдың таза бейнесі көрініп тұр. Осы менің айтқандарымды жазып, елдегі баспасөзге апарып көрсетші. Олар қарсылық білдірмеуі керек, – деп отырып қалды.

Кейіннен Жалағаш аудандық «Жаңадария» газеті редакциясына соқтым. «Тұғыры қайтұғ» деген тақырыпта бір бетке материал жарияланды. Араға уақыт салып Алматыға келгенімде газетті қолына ұстаттым. Өрине, Дәмеш анамыз балаша қуанып телефонды ала салып таныстары мен достарына:

– Темірбек Қараұлының еңбегін жерлестері бағалап, газетке суретімен қоса жариялапты, – деп қуанып айтып жатты. Бұдан соң да газетті қайта-қайта оқып, кеудесіне баса түсіп, түнде жастығының астына қойып күбірлегені де есімде.

Ертенгілік:

– Рахмет, қызым, – деді.
– Мен қазак мектебінде оқығаным, орысша таза сөйлей алмаймын, – дедім.

– Оқасы жоқ, ол маңызды емес. Осылай менің айтқандарымды жазып тұрған болғаны, – деген-ді.

Зәмзәгүл ИБРАГИМҚЫЗЫ

АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ СӨЙЛЕСЕ...

Облыстық мемлекеттік архивте Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай дөңгелек үстел өтті. Архив қоры құжаттарын күштеп ұжымдастыру, ашаршылық жылдарындағы қазақ халқының қилы тағдырын айта отырып, өткенге тағзым етуді мақсат еткен іс-шараға өңірдің тарихшы ғалымдары қатысты.

Библиот СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Жиынды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Әбілдішев ашып, архив қорындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты құжаттарды зерделеу, айқындау бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, өткен ғасырда ел тарихында миллиондаған казактың өмірін қиған қайғылы оқиғалар орын алғанын атап өтті. Олардың бірі – 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық.

Бір ғана Қызылорда облысында барлығы 81 байдің 10920 ірі қара, 47299 ұсақ малы тәркіленіпті. Мұрағат қорындағы облыстық прокуратураның 1937-1938 жылдардағы құпиясыздандырылған құжаттардағы деректері бойынша НКВД үштік соты 1937-1938 жылдары «халық жауы» деген жатпаң 314 адамды, оның 110-ын партия қатарынан шығарып, соттап жазалаған екен. Тарихшылардың бағалауынша, одақ бойынша 1927-1953 жылдары 60 миллион адам, оның ішінде Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды.

Қатысушылар мұрағат негізіндегі материалдар мен зерттеулерін ұсынды. Олардың көпшілігі алғаш рет ғылыми

айналымға енгізіліп, зиялы қауым жұртшылығына тарихтың ақтандық беттерін сипаттайтын нақты фактілердегі бірегей материалдарға кең жол ашды. Археограф Айнұр Әлиасқарова архив қоры құжаттарынан «Ұжымдастыру науқаны және ашаршылық ақиқаты» тақырыбында баяндама жасады.

Сондай-ақ, шарада тарихи жадлыны сақтау, жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық бірлікті нығайтатын біріктіруші факторларды іздеу мәселелері талқыланды. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Журналистер одағының мүшесі Алдажар Әбілов Алаш азаматтарының қилы тағдыры, қасіретті жылдардың қанды шенгеліне түсіп, жала арқаалаған ұлт зиялылары туралы тың деректерді бөлісті.

Өз кезегінде ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының магистрі Бақытжан Ахметбек жылдар бойы үніс жатқан тарихи құндылықтарды жарыққа шығарып, жас ұрпаққа жеткізу міндет екенін атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар «Азаты жылдар қасіреті» архив деректеріндегі аты тарихи құжаттық көрмемен танысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған сәтте-ақ Кеңес өкіметінің тұтқынға түскен өз азаматтарынан біржолата бас тартып, әскери тұтқындардың құқықтарын анықтаған халықаралық Гаага және Женева конвенцияларын мойындамауы олардың жағдайын қиындата түскен. Әсіресе, бұл жағдай түркістандық соғыс тұтқындарына қатты әсер етті. Г.Герварт «Гитлер мен Сталиннің арасында» деген кітабында соғыс жылдары түркістандық тұтқындардың 80 процентке жуығының ашаршылық пен аурудан өлгенін жазды.

1941 жылдың желтоқсан айында Польшадағы түркітілдес халықтардың өкілдері шоғырланған Ченстохан концлагеріндегі 30 мың адамның 2 мыңы ғана тірі



сенімсіздікпен қарап, оларды толық қарусыздандырып, Албанияға, Францияға ағылшын-американ әскеріне қарсы қорғаныстың құрылыс жұмыстарына пайдаланған. Ал, 1944 жылы Түркістан легионерлерінің көпшілігі албан, югослав, француз партизандары жағына өтіп, олармен бірге неміс фашистеріне қарсы соғысып, жылдың аяғында Кеңес әскерінің қатарында жаумен шайқасқан. Олардың көпшілігі айып батальондарында болып, өз кінәларын қанмен жуған, жауынгерлік медальдармен марапатталған. Солардың бірі – қызылордалық Тұрсын Мамраймов 1944 жылы қыркүйекте «Түркістан легионы» қатарына югослав парти-

СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫНЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

Ең маңызды мәселе – Мұстафа Шоқай ешқашан да түркістандық тұтқындардан қосын жасақтап, оларды немістер жағында кеңестерге қарсы соғыстыруды мақсат етпеген. Болашақ тәуелсіз Түркістанды кеңестік отардан немістің отарына ауыстыру оның жоспарында да, ойында да болмаған. Германияның «Саяси мұрағатындағы» («Politisches Archiv») Түркістан легионының құрылуына қатысты 1941-1942 жылдардағы бұйрықтарда, есепті баяндамалар, анықтамалықтар, т.б. құжаттарда да М.Шоқай есімі мүлде аталмайды. Гитлер Кеңес әскеріне қарсы Түркістан легионын құру туралы жарлыққа 1941 жылдың 22 желтоқсанында қол қойған. Ал, Мұстафа Шоқай сол жылдың 27 желтоқсанында белгісіз жағдайда қайтыс болды. Ол туралы неміс ауруханасының анытамасы бар. Мұстафаның Германия басшылығына жолдаған «Сіздер өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыздар. Егер мәдениеттеріңіз менің көріп жүргенім болса, онда сіздерге де тұтқындардың шеккен азабын көруді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүре отырып, XIII ғасырдағы Шығыс ханның жасаған зұлымдығынан асырып жібердіңіздер. Мәдениетті халық екендеріңізді айтуға тіпті де хақыларыңыз жоқ. Гёте, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр тәрізді данышпандарды тәрбиелеген ұлт өкілдерінің әскери тұтқындарға қалай қарайтынын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсынысты қабылдай алмаймын және келешекте ынтымақтастықта болудан бас тартамын. Мен шешімімнің барлық салдарын түсінемін» деген хатынан-ақ түркістандықтарды қолынан келгенше ажалдан алып қалу үшін еңбек еткені және сол жолда өзін құрбан еткені анық. Кейінгі отандық тарихнамада бұл мәселені зерттеген Көшім Есмағамбетов, Дархан Қидырәлі, Амантай Әкенов, Бахыт Садықова және Гүлжауһар Көкебаеваның, т.б. монографиялары және қызылордалық Әмірхан Бөкпидің зерттеулері Мұстафаға тағылған барлық орынсыз айыптарға нүкте қойған. Сондықтан бұдан былай да Мұстафаның есімін Түркістан легионымен қатыстырудың жөні жоқ.

Мұстафа Шоқай өмірінің соңындағы екі-үш айдың ішінде қыруар жұмыс атқарып, мыңдаған түркістандық тұтқындардың жағдайын жақсартуға көмектеседі. 1941 жылдың 9 қарашасында 80 түркістандық тұтқынның тізімін жасайды, олар мамандық алу үшін Люкенвальд (Luckenwalde) қаласына жіберіледі. Тұтқындар лагерінде М.Шоқаймен желтоқсан айының бас кезінде ұшырасқан Ғ.Бейісов: «Ұлы адам (М.Шоқай) келіп, кейін түркітілдес тұтқындардың жағдайы біртіндеп жақсара бастады. Бізді Варшавадан 20 шақырым жердегі Легионова лагеріне жеткізді. Киімімізді ауыстырып, жуынып-шайынып алдық» деп атап көрсетеді. Бұл жайында Сувалки лагерінде болған қызылордалық О.Игісінов те тергеушіге берген жауабында «...М.Шоқай 1941 жылы тамыз айында лагерьге келіп кеткеннен кейін немістер мұсылмандарды басқа тұтқындардан бөліп, басқа лагерьге жіберді. Онда жағдайымыз бұрынғыдан едәуір жөнделіп қалды» деп жауап береді.

Әскери қайта даирлықтан өткен легионерлерді неміс командованиесі алғашқы кезде неміс-кеңес майданында және Сум, Брянск облысы ормандарындағы партизандарға қарсы пайдаланбақшы болды. Алайда легионер ретін тауып, партизандарға немесе кеңестер жағына рота-ротамен өтіп кетіп отырды. 1943 жылы «Түркістан легионы» алғашқы батальонын Құрамысов бастаған 1-ротасы Кеңес армиясы жағына толығымен өтіп кетеді. Осыдан кейін неміс әскери басшылығы легионерлерге

зандарына өз еркімен беріліп, 1945 жылы ақпан айына дейін югослав партизандарымен бірге, ақпан-сәуір айларында Кеңес әскері қатарында айып батальонында фашистік Германияға қарсы әскери қимылдарға қатысып, Вена қаласы маңында ауыр жараланып, 1945 жылы маусымда 3-гопгағы мүгедек болып Кеңес армиясы қатарынан босатылады. Алайда елге келген соң тұтқындалып, 58-бап негізінде ТуркВО әскери трибуналы сотының шешімімен 25 жылға бас бостандығынан айырылған.

Соғыс аяғында түркістандық легионерлердің біразын одақтастар әскері тұтқына алып, олар 1945 жылдың күзіне дейін Америка және Англия лагерьлерінде болған. Бірақ көпшілігі елге қайтуға асықты. Дегенмен, тарихи деректерге сүйенсек, АҚШ, Англия және басқа да мемлекеттер 322581 соғыс тұтқынын қайтармай, оларды кеңес жағына беруден бас тартқан. Себебі тұтқындардың ішінде Герман үкіметіне адал қызмет еткен орыс-қазақ әскери корпусының адамдары, власовшылар қайтқысы келмеген. Өз еркімен қайтқысы келмегендердің ішінде елдегі жағдайды жақсы білген жүзден астам қазақ та болды. Ал, еліне қайтып оралған түркістандық тұтқындардың жағдайы бәрімізге аян. Олар немістер жағында қандай әрекет еткеніне байланысты Қылмыстық кодекстің 58-бабы бойынша түрлі жазаға тартылды. Бірі 3 жылдан 7 жылға дейін, екіншілері 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге сотталып, соғыстан кейін кеңестік ИТЛ-да азап шекті. Тек, біршамасы 1953-1954 жылдар аралығында еріксіз легионерлер қатарында, кейін партизандар және кеңес әскерінде болып, айыбын қанмен жуғандар рақымшылыққа ілігіп, үйлеріне қайтарылды. Алайда, рақымшылық жасалғанымен, олардың соғыста болды деген құқы қайтарылмады. Рақымшылыққа ілінбегендері кеңестік лагерьде қайтыс болды. Тіпті 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы бойынша да кезінде бұл азаматтардың көпшілігі ақталмады.

Дана халқымыздың «Өзгені айыптағаныңды өзіңді айыпта, өзіңді кешіргеніңді басқаларды кешіп» деген нақыл сөзін ұлттық сана тұрғысынан саралайтын болсақ, Түркістан легионына қатысқандарды «сатқын» деп бағалау тек социалистік Қазақстан мемлекетін қанмен тұрғызған, бүгінде өмірден озған кеңестік билікке ғана тән болған. Өткен тарихымыздағы кеңестік билік орнғаннан бастап большевиктер ұйымдастырған ұжымдастыру, көмпескелеу, аштық, геноцид, шаруалар наразылықтарын басу кезіндегі жаппай қыру, жазалау, кезек-кезек толқындары саяси репрессиялар, күштеп қоныстандыру, лагерьлер жүйесіндегі қанды қызыл қырғындарды есепке алмай, саралайтын болсақ, қазақ халқына кімнің жау, кімнің дос, кімнің сатқын болғандығы айқын көрініп тұр. Сондықтан бүгінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңының кейбір баптарына өзгерістер енгізу, Түркістан легионы және түркістандық соғыс тұтқындары жөнінде ешкімге жалтақтамай, мемлекеттік деңгейде саяси баға берудің уақыты жетті.

Сағат ТАЙМАН, тарих ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшесі



Бірлескен барлау

Дала күнделігінен

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми орталығының ғалымдары бірлесе отырып солтүстік-батыс Арал маңы мен Ырғыз-Торғай аймағына археологиялық барлау жұмыстарын жүргіздік.

Ізденіс жұмыстары тарих ғылымдарының кандидаты Ақан Оңғарұлының «Батыс Сарыарқа мен Солтүстік Арал бойы сақтарының мәдени кешені: пәнаралық зерттеу» гранттық жобасы аясында іске асты. Экспедиция атынан Сексеуіл Қосаман, Ақеспе, Ақбасты, Құланды, Ырғыз, Нұра, Белшер елді мекендерінде қол ұшын созып, көмектерін берген, ел ішінде сақталған деректерді айтып, жолсерік болған азаматтарға алғыс айтамыз.

Арал маңының тас және қола дәуірлері

Сыр өңірін археологиялық тұрғыдан зерттеудің бірнеше бағытта өрбігендігін аса маңызды ашылулармен атап өтуге болады. Арал маңының неолит және қола дәуірлеріне, географиялық кең түсінікпен қарағанда, ортаазиялық қос өзен Сырдария мен Әмудария аймағында ежелден өркеніеттер ізі сақталған. Өлкемізде біздің заманымыздан бұрынғы IV-III мыңжылдықтардың өзінде туыстас тайпалардың қоныстануы аңғарылады. Олардың экономикасы қарапайым, яғни, аңшылық және балық аулау кәсіптері еді. Арал маңы археологиясында бұл мәдениет «келтеминар» атымен белгілі.

Бұл мәдениеттің үлкен тұрақтары XX ғасырдың орта шегінде (Сексеуіл, Көнту, Ақеспе, Қарасандық, Шөлқұм, Тәмпі, т.б.) Солтүстік Арал маңы мен Кіші Борсық құмдарынан табылды. Олар өмір сүруге жайлы, суға жақын аймақтарда орналасқан. Тастан басалған еңбек құралдарынан басқа, қой, сиыр және құлан сүйектерінің табылуы алғашқы қауымдық тайпалардың отарлап мал өсіру кәсібіне өткендігін көрсетеді.

Кейінгі жылдары Арал маңынан (Қазалы, Арал) осы дәуірлердің жаңа ескерткіштері ашылды. Олардың ішіндегі ең ірісі – Тапа қонысы мен қорымы, Үрген, Ермбетжаға, Сарышоқы, т.б. ескерткіштер.

Биылғы барлау жұмыстарының мақсаты ежелден Сырдың төменгі ағысы мен Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан (Қостанай) Батыс Сібір аймақтарын жалғап жатқан Солтүстік Арал маңында әлі күнге дейін ғалымдардың табаны тимеген ақтаңдақ жерлерді аралап, кешенді зерттеулер жүргізу үшін жаңа нысандар тандау болды. Барлау жұмысы барысында тас дәуірі ескерткіштерінен бастап, XIX-XX ғасырлардың бас кезіне дейінгі барлық ескерткіштер тізімге алынып, сипаттамалары жазылып, фотофиксация жасалып, географиялық координаттары анықталды. Сонымен қатар, олардың орналасқан тарихи-табиғи ландшафты да әуеден суретке түсірілді.

Тас (негізінен неолит кезеңі), қола және ерте темір дәуірлерінің тұрақтары мен қоныстарының орындары қазіргі ауылдарға жақын, ыспа құмдар маңынан анықталды. Олар жоғарыда атап өткендей, тұщы бұлақ, құдық маңына шоғырланған. Мысалы, бүгінде ауызсу мәселесі өте қиын жағдайдағы Ақбасты және Құланды маңында, тас дәуірінің ескерткіші аздап болса, сақ-сармат кезеңінің ескерткіштері анықталмады.

Алғаш анықталған тұрақтар Арал ауданы, Шижаға, Сексеуіл маңында орналасқан. Жалпы Сексеуілдің солтүстік маңында халықтар ежелден қоныстанып, ұзақ уақыт өмір сүрген. Тағы өмір сүруге өте ыңғайлы аудан – ол Кіші Борсық құмының батыс жағалауы мен оңтүстігі, яғни, Қосаман, Ақеспе маңы болған.

Ақбасты маңынан бір тұрақты орны және Құланды маңынан бір тас құралдарын жасаған шеберхана және екі қоныстың орны анықталды. Бұлар – жаңа ашылған ескерткіштер.

Барлау жұмысының басты мақсаттарының бірі – Ырғыз өзені мен Торғай өзенінің қосылатын аймағы. Бұл жерді «Құйылыс» немесе «Құрдым» деп атайды. Аты айтып тұрғандай, бұл екі өзен осы маңда қосылып, Арал маңы Қарақұмы арқылы Шалқар теңізі ойпатына құяды. Өкінішке қарай, биыл су Құйылыс маңына жетпей, өзендер табанының шаны шығып жатыр. Осы жерден үлкен тас дәуірінің қоныстарының ізін таптық.

Сақ-сармат мұралары

Сырдың төменгі арнасының сақ дәуірі (б.з.б. VII-V ғғ.) археология ғылымында көрнекті Оңтүстік Түгіскен және Ұйғарақ обалы қорымдарымен танымал. Олар Жалағаш ауданының Қызылқұм беткейінде орналасқан. XX ғасырдың 60-жылдары Хорезм экспедициясы бұл ескерткіштерде толықтай археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген.

Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің құм үйінділері астынан алуан түрлі жерлеу құрылыстары қазылып ашылды. Жерлеу құрылыстарының осындай әртүрлі болуы, шамасы, отбасылық қатынастар жүйесін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік құрылымды, рулық қауымның эволюциясын да көрсетсе керек. Бұл, әсіресе, Ұйғарақ қорымындағы әртүрлі обалар топтарының үлгісінде ерекше айқын байқалады. Абыз әйелдер көп жерленген шығыс топтың молаларында кейінгі қола дәуірінен келе жатқан ғұрып-дәстүрлер айқынрақ байқалады.

Табылған алуан түрлі заттар б.з.д. VII-V ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеушілердің материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайды. Заттардың қатарына жапсырылып істелген жергілікті ыдыстар мен құмырашы ұршықшасында жасалған керамика, қола пышақтар, киім әшекейлері мен сәндік бұйымдар, тас құрбандық ыдыстары мен жануыштар, ат әбзелдері мен қару-жарақтар жатады.

Ұйғарақ пен Түгіскеннің жерлеу мүліктерінің ішінде бейнелеу өнерінің көз тартар үлгілері де кездеседі. Бұлар – ер-тұрмандағы, алтын қаптырмалардағы, алтын шеттіктердегі хайуандардың бейнелері. Хайуанаттар бейнелерінің арасында бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс не қабылан, жыртқыш құс, түйе бар. Бұл заттардың жасалу әдістері мен стилі Арал өңірі сақтарының мәдениетін скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енгізеді.

Осы жәдігерлерге қарап, оларды Төменгі Әмудария, Орталық Қазақстан, тіпті Жетісу және Батыс Қазақстан аймағын мекендеген сақ-савромат тайпаларымен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Батыс аймақпен байланысты дәлелдейтін осындай ескерткіштер Сырдың Аралға құяр маңы мен Аралдың солтүстік маңында неге анықталмаған? Міне, осы сұраққа жауап іздеу мақсатында барлау барысында бірнеше обалы қорымдарды анықтадық.

Осы уақытқа дейін ақтөбелік әріптестеріміз Шалқар мен Ырғыз, Үлкен Борсық пен Кіші Борсық маңынан көптеген обаларды анықтаған болатын. Біздің мақсат сол зерттеулер қамтымай қалған екі обасын шекара аймағында сақ-сармат ескерткіштерін табу еді.

Жалпы дегенімізге жеткен



сияқтымыз, бірақ, біз ойлағандай олар көп болмай шықты. Оның бірнеше себептері бар деп ойлаймыз. Кейінгі қола (б.з.д. IX-VIII ғғ.) ерте сақ кезеңінде (б.з.д. VII-V ғғ.) Арал теңізі тартылып, Сырдың бойында су тек Іңкәрдариямен ағып су тапшылығы болғанға ұқсайды. Аралдың солтүстік, батыс жағалауларын мекен етіп отырған халық әрі ығысып, өмір сүруге қолайлы аудандарға қоныс тепкен.

Кейін Шірік-рабат мәдениеті (б.з.д. IV-II ғғ.) Жетісарат мәдениетінің ерте кезеңінде (б.з.д. I-V ғғ.) экологиялық жағдай жақсарып, Сырдың төменгі ағысы мен Арал теңізі жағалауында халық қайта тығыз қоныстана бастайды.

Оған дәлел Сексеуілдің солтүстігіндегі Алтыншоқысу қыратындағы Сарыоба, Алтыншоқысу обалы қорымдары, Ақеспе мен Ақбасты арасындағы шоқыларда сармат обалары көптеп анықталды. Ырғыз төңірегінде де осындай обалар орналасқан.

Ерекше айта кететін ескерткіш – Ақеспенің шығысындағы қырат басындағы ақбөкенді қаумалап айдап алып келіп, қамайтын араның табылуы.

Аран – аң аулаудың ерекше тәсілі. Аңдарды қаумалап үркітіп келіп, аранға, яғни, қоршауға қамаған кезде, кірген аң сасқалақтап істік, қадаларға түйіріліп, қозғала алмай қалады. Осы сәтте аңшылар олжасын оңай соғып алады.

Иен даладағы арнайы қазылып жасалған аран түрлерін «қамба» немесе «ұра» деп те атайды. Ол аң көп жүретін жерлерге тастан, ағаштан, шіліктен қоршау тәрізді етіп жасалып, оның түйіскен тұсына терең апан немесе ұра қазды.

Бұндай арандар Үстіртте көп кездескенімен, Арал маңында алғаш анықталып отыр. Жебе тәріздес бейнеде қазылған ордың жалпы ұзындығы 800 метрге жетеді. Аранды өте ыңғайлы жерді тандап, дайындаған.

Ортағасырлар кезеңі

Сөз басында айтқандай, барлау жұмысы барысында негізінен ерте кезеңнің ескерткіштерін ескердік. Бірақ, аймақтың толық тарихи кезеңі мен келбетін ашу мақсатында барлық дәуірлерді қамтыдық.

Аралдың солтүстік және батысы аймағында ортағасырлық ірі қоныстың іздері табылмды. Бұл басты шаруашылық түріне, яғни, көшпелі мал шаруашылығына және қосымша балық аулау кәсібіне де байланысты. Есесіне арабша жазулары бар құлпытастар қойған қазақтың рулық қорымдарын тізімге алдық.

Ырғыздың Нұра ауылының іргесінен тарихи деректерде кездесетін Кіші жүз хандарының қалашығының (Нұра шартты

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Облыстық тарихи-өлкетану музейі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының Асанас қалашығына былтыр жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді археологиялық қорға қабылдады. Қор ортағасырлық қалаларға тән көптеген керамикалық бұйымдармен қатар, сирек кездесетін археологиялық олжалармен толықты. «Медицинада пайдаланған болуы мүмкін» деген қола ара мен қола қасық музей қызметкерлерін де, археологтарды да таңғалдырды.

Асанас артефактілері сөйлейді



XIII-XIV ғасырларда адам өмірін сақтап қалу үшін хирургиялық операциялар жасаған деген дерекке осы жәдігерлер дәлел. Ғажабы, қола ара бүтін сақталған, тұтқасы төмен қаратылып, ұстауға ыңғайлы етіп құйылған. Сабының ұшында зооморфты мүсін бейнеленген. Негізгі бөлігінің сабына жақын тұрған екі жағына да 2 ірі, 3 майда дөңгелекшелер ойылған. Қола ара майда сүйекті кесу үшін пайдаланылған деген деректі археолог мамандар жоққа шығармайды. Араның ұзындығы 24 см болса, қашауының ұзындығы 18,5 см, ені 2 см.



Қола қасық медицинада саусақтан не тамырдан қан алу үшін пайдаланылған болуы керек. Қасық сабының үшкір келуі бекер емес. Ине қызметін атқарды десек, қателеспеспіз. Қасықтың ұзындығы 14 см, ал диаметрі 3,1 см.

Қазақта «Шырағың сөнбесін!», «Отың өшпесін!» деген мәні тереңде жатқан сөз тіркестері бар. Ортағасырлық Асанас қаласында әр шаңыраққа жарық шашып тұрған шырағдан сан мың жылдардан кейін құм астынан бұзылмай шығып, музейге аман жетті. Үйге жарық беріп тұрған ортағасыр керамикалық шырағданның оты музей экспозициясында қайта жанбақшы. Шырағданның май құйтын басты бөлігі бас бармақпен ұстауға ыңғайлы, тұтқасы, пілте жіп салынған ұзын шүмегі бар. Шүмек аузындағы қара күйе шырағданның пайдаланылғанын байқатады. Ұзындығы 12,2 см, тереңдігі 119 см, ернеуінің диаметрі 3,5 см, төменгі диаметрі 4 см, жалпы биіктігі 4,7 см. Керамикалық шырағдан XIII-XIV ғасыр деп мерзімделеді. От культімен байланысқандықтан киелі саналады.

Сонымен қатар, Асанас қалашығынан музей қорына өрнектелген ұршықтың бастары, үй тұрмысында пайдаланылған керамикалық ыдыс-аяқтар, тас қазан, керамикалық қақпақ сынықтары қабылданды.

Сыр өңірі адамзаттың қалыптасу кезеңіндегі ескерткіштерден бастап, ортағасырлық, сондай-ақ, соулет өнерінің ерекше үлгісімен салынған ғимараттарға, тарихи-мәдени мұраларға өте бай өлке екені сөзсіз. Солардың ішінде ортағасырлық мәдениеттердің гүлденуіне өз үлесін қосқан Асанас қалашығының алар орны ерекше.

Асанас – ортағасырлық тарихи қала. Жазба деректерде айтылғандай, монғол шапқыншылығында жауға табанды қарсылық көрсеткендіктен жермен-жексен қиратылып, халқының көпшілігі қырылған. Сырдарияның бойындағы басқа да қалалар сияқты көп ұзамай қайта қалпына келтіріліп, XIV-XV ғасырларға дейін тіршілігі қайнаған мекен болыпты. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 48 шақырымда, Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылының оңтүстік-батысына қарай 8 шақырым жерде орналасқан.

Қалашықты 1899 жылы В.Каллаур алғашқылардың бірі болып зерттеген, 1946-1961 жылдары С.Толстов басқарған Хорезм археология этнографиялық экспедициясы археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1968 жылы Іңкәрдария мен Жаңадария өзендерінің ескі арналарындағы ортағасырлық қоныстарды зерттеу мақсатында Хорезм археологиялық отряды Н.Вактурская қалашықта стратегиялық қазба жүргізген. Бертін келе, 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Т.Мәмидің жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Г.ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейі
«Археология, этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері





Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3-бабының 6) тармақшасына және 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1.Мына әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендер таратылып, жақын орналасқан елді мекендер:

1) Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылдық округінің 16 бекет елді мекені Сұлутөбе ауылының құрамына;

2) Шиелі ауданы Тартоғай ауылдық округінің 2 ферма, Кірпіш зауыты және 18 бекет елді мекені Тартоғай ауылының құрамына;

3) Шиелі ауданы Алмалы ауылдық округінің 20 бекет елді мекені Алмалы ауылының құрамына енгізілсін.

2.Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Г.Әбдікалықова**

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс IV сессиясының төрағасы **Т.Ібайдулла**

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы **Н.Байқадамов**

«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту» мемлекеттік қызмет

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 бұйрығымен бекітілген Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоратившілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидаға сәйкес «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту» мемлекеттік қызметін алу үшін жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру жері бойынша жергілікті атқарушы органға тиісті құжаттарды қоса бере отырып, өтінішті ұсынады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың және нота-риат куәландырған аудармаларының электрондық көшірмелері (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылмаған болса), шетелдік жұмыскердің біліктілігі мен кәсіби тәжірибесінің оны тарту жүзеге асырылатын лауазымға сәйкестігін растайтын жұмыс беруші хатының электрондық көшірмесі, шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі, кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат).

Жыл басынан бастап уәкілетті органға www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу үшін заңды тұлғалардан 26 өтініш келіп түсіп, 45 бірлік рұқсат берілді.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Сандық форматтағы сайыс

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты КСРО Білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаев атындағы 9-10 сынып оқушылары арасында тарих пәні олимпиадасын 2018 жылдан бері өткізіп келеді. Алғашқыда облыстық деңгейде, 2019 жылы республикалық деңгейде ұйымдастырылған аймақтағы алғашқы цифрлық форматтағы олимпиадалар Қармақшы ауданының Ақжар ауылындағы, №28 мектеп базасында өткізілген болатын. Өйткені, С.Нұртаев 1960-1965 жылдары осы мектептің директоры болған.



Білім сайысының басты ерекшелігі оқушы тек компьютермен ғана байланыста болады, нәтиже заматында халықтың алдында жарияланады. Егер оқушыға көмектесе алатын бір адам бар десек, ол – тек оқушының өзі.

Биылғы республикалық олимпиада әлемде және елімізде қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты онлайн форматта институт базасында өтті. Оған облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов, облыстық білім басқармасының басшысы А.Қасымова, С.Нұртаевтың ұлы, қоғам қайраткері, белгілі меценат Р.Нұртаев және ағайын-туыстары, институт қызметкерлері қатысты.

Білім бәсекесінде Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл облыстары, Шымкент қаласы және Қызылорда облысының (қалалық/аудандық) жалпы білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушылары бақ сынады. Олимпиаданың мақсаты – оқушылардың Қазақстан тарихы пәніне деген интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту, дарынды оқушыларды қолдау, оқушылар арасында ғылымға деген қызығушылығын арттыру.

Олимпиада 2 тур бойынша өткізілді. I турда қатысушылар ZOOM платформасына қосылып, Google Форма арқылы жасалған тестке онлайн жауап береді. Тестке сілтеме платформа чаты арқылы жіберілді. Турдың қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған 9-сыныптан 8 және 10-сыныптан 8 қатысушы II турға жолдама алды. II турда қатысушылар ZOOM платформасына қосылып, Power Point бағдарламасында жасалған деңгейлік тапсырмаларға онлайн жауап беру арқылы ұпайлар жинады. Ұпай қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған қатысушылар жеңімпаз және жүлдегер атанды.

9 сынып оқушылары арасында I жүлделі орын иегері Жалағаш ауданы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей оқушысы Азамат Еспанов 100 000 теңге қаржылай сыйақымен марапатталды. II жүлделі орын иегері Батыс-Қазақстан облысы, Орал қаласы С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернат оқушысы Аружан Мурзағали 70000 теңге қаржылай сыйақы алды. III жүлделі орын иегері Түркістан облысы, Шымкент қаласы №130 жалпы орта мектеп оқушысы Инжу Ырзалыққа 50000 теңге қаржылай сыйақы табысталды.

10 сынып оқушылары арасында I жүлделі орын иегері Батыс-Қазақстан облысы, Орал қаласы С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернат оқушысы Назерке Сүйенші 100000 теңге қаржылай сыйақыны иеленді. II жүлделі орын иегері Жанакорған ауданы №3 мектеп-интернат оқушысы Қарағөз Сейліхан 70 000 теңге қаржылай сыйақыға лайық болды. III жүлделі орын иегері Қазалы ауданы Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей оқушысы Олжас Нұрғазыға 50000 теңге қаржылай сыйақы табысталды.

Олимпиада қорытындысы бойынша ақтық турға жолдама алған номинация иегерлеріне диплом мен 10000 теңгеден қаржылай сыйақы берілді. Олимпиадаға қатысқан барлық оқушылардың жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.

Олимпиада соңында Р.Нұртаев жеңімпаз оқушыларға жылы лебізін білдіріп, білім сайысының жоғары дәрежеде өтуіне атсалысқан Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы №28 орта мектебінің директорына, институттың екі қызметкеріне демеушілер атынан Түркістан облысы, Сарыағаш ауданындағы «Ақжайық» шипажайына жолдамалар берді.

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
облыс бойынша ПҚ БАИ директоры

Қолжазба шерткен сыр

Уақыт табы сарғайтқан қолжазбаны бірнеше мәрте оқып шықтым. Жасы егде тартқан адамның көпшілігіне тән ірілеу әріппен, түсінікті етіп жазылған парактардағы оқиға желісі бойымды баурап алды. Санамда інгілап, жарық дүниенің есігін жаңа ашқан шақалақ, бауыр етінен жаратылған перзентің өміренің сүйе алмай, мәңгілікке көз жұмған жас босанған ана, қайғыдан қан жұтқан әке елестеп өтті. Ендігі мезетте жүзі алмас қылыштай жарқылдаған кетпенді құлаштай сермеген бозба-ла Кәкіштің бейнесі бір қиырдан қылаң ұрды. Ал құлағыма сатырлай атылып, жауға қорғасын оқты жанбырша жаудырған пулеметтің даусы, жанұшыра шыңғырған адам үні келгенде денем түршікті. Өрекімнен сезімді зорға тежеп, қолымдағы сырға толы дерекке қайтадан үнілдім.

Сb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

«Мен Нағыманов Кәкіш 1922 жылы, 12 маусымда «Ақкө» деген көлдің маңайында, «Дандабай» аталатын төбенің баурайында дүниеге келіппін. Әке-анам адал еңбегіммен нәпақасын тапқан жандар екен. Өмір дегенді қойсаңызшы?! Асыл анам мені жарық дүниеге әкеліп, өзі бақилық болып кетіпті. Осылайша мен анамның ақ сүтінің дәмін татпай-ақ, шырылдап, жетім қалыппын. Алайда бұл жалғанда жаксы, мейірімді жандар аз емес екен. Сол кезде әкемнің туысы Пірназар деген кісінің әйелі де жас боса-

нып отыр екен. Мені сол апаға беріпті. Сол әйелден мен ана сүтін татып, адам қатарына қосылдым» деген майдангер Кәкіштің жазбасын оқығанда тамағым ашсы өксік тығылды. Әрі ел-жұртты қынадай қырған ашаршылық кездің өзінде жетімге пана болған қазақ әйелінің асқан адамгершілігіне қатты тебірендім. Қайран, қазақ әйелі! Қазіргі қоғамда біреудің шақалағы тұрмақ, қанасын қажетсіз заттай лақтырып тастап кетіп жатқандар аз ба?! Уа, Алла өзің кешіргейсің!



Жанарыма үйірілген жасты сүртіп тастап, оқуды жалғастырдым.

«Буыным қатып, қабырғам қатая бастағаннан әкемнің қасына еріп қол жұмыс істедім. Қандай ауыр жұмыстан да тартынғаным жоқ. Қолдап арық, қанал қаздық. Әкем терең арықтың ішінен лақтырған топырақты мен жайып тұрамын. 1928 жыл келді. Жеке шаруаларды біріктіріп, колхоздастыру басталды. Бірнеше колхозды біріктіріп «Жана тұрмыс» деген колхоз құрылды. Соғыс басталғанша сол колхозда жұмыс істедім.

1942 жылдың 25 мамырында ауылдастарым Қаршыға Бәкішов, Сақыбай

Қаниев өзге де азаматтармен бірге соғысқа аттандық. Әскери дайындықтан соң бізді жан-жақтағы әскери бөлімдерге таратып жіберді. Мен 1022 атқыштар полкіне түстім. Суши өзенінің бойында бекініс жасадық. Өзеннің арғы бетінде немістер, бергі жағалауда совет әскерлері орналасқан еді. 1943 жылдың ақпан айында Брянск түбінде сұрапыл шайқасқа түстік. Бір пулемет ұясында 6 адам болатынымыз. Брянск маңында сол алтауымыз да жараландық. Бізді шайқастан соң теміржол арқылы Скотин қаласындағы әскери госпитальға жіберді. Госпитальда төрт жарым ай емделдім. Дәрігерлік тексеруден өткізіп, ауылға алты айға демалысқа жіберді. 1944 жылға дейін ауылда болдым. Мұнан соң әскерлер мінетін 250 бас жылқыны Орловск облысына жермен айдап бардық. Бұл сапарға тура 6 ай уақыт кетті. Қаншама қиындықтарды бастан кешірдік. Ақыры жанымдағы серіктеріммен бірге елге аман-есен оралдық. Ауылда бел шеше еңбек еттім.

Қираған шаруашылықты қалпына келтіруге бағытталған жоспар аясында Қызылорданың «Тасбөген»

деген жерінде Сырдария өзеніне плотина салуға қатыстым. Мен 30 адамнан жасақталған бригаданы басқардым. Бригададағы неміс, кәріс, қазақ, тағы басқа ұлттардың өкілдері тату-тәтті тұрдық. Кейін бригадаға біздің әскерлерге тұтқынға түскен жапон солдаттарын қосты. Менің бригадамда тұтқынға түскен 90 жапон солдаты болды. Ұйымшылдықпен жұмыс істеп, жергілікті материал дайындадық.

Елге келген соң жұмысшы, сушы болып тер төктім. Уақыт өте жеке учаске алып, күріш ектім. Жақаевшылар қозғалысына қосылып, еңбек еттім. Еңбегім елеусіз қалмады.

I дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Тылда еңбек еткені», «Еңбек ардагері», өзге де медальдармен наградталдым. Зайыбым екеуміз екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмыз» деп Кәкіш көкеміз сөзін түйіндепті.

Бұл күнде карт майдангер арамызда жоқ. Кешегі батыр жауынгер, соғыс және еңбек ардагері Кәкіш Нағыманов 2006 жылы өмірден озды. Десе де, ер ұлының есімін елі ұмытқан жоқ.

Қазалы ауданы

Конкурс өткізу жөнінде хабарландыру

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда қаласы аумағынан 5 әлеуметтік дүкенді өтеусіз пайдалануға беруге конкурс жариялайды. Конкурстың ережесін www.spk-baikonur.kz сайтынан көруге болады.

Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 12 мамырындағы шешімімен «Султанов» ЖК-на (ЖСН 690519300122) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 19 мамырындағы ұйғарымымен «Нұрай-Ақжол РГ» ЖШС-не (БСН: 070640006230) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін

ЭВЕРЕСТ
Финанс

ТӨМЕН % МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
НИЗКИЕ % СТАВКИ

ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Облыстық білім басқармасы, «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі, әйелдер кеңесі және М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен Ұлмекен Рысбекованы еске алуға арналған рухани-танымдық кеш өтті.

Ұстазға құрмет үлгісі

Ұлмекен Ыбырайқызы педагогикалық училищеде 1952 жылдан 1980 жылға дейін 28 жыл директорлық қызмет атқарған. Білікті басшыны еске алуға арналған шарада облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова модератор болып, замандастары, шәкірттері, ардагерлер, оқытушылар мен студенттер онлайн және офлайн форматта қатысты.

Колледж ауласындағы Мәншүк ескерткішіне тағзым жасаудан бастау алған шара Ұлмекен Ыбырайқызының өмірі және еңбек жолынан сыр шертетін көрмемен танысумен жалғасын тапты. Сондай-ақ білікті басшыға арналған оқу кабинетінің ашылу рәсімі өткізіліп, «Қалдырған ізін мәңгілік...» атты рухани-танымдық кешке ұласты.

Кеш барысында ұстаздың өмірдеріне арналған шағын бейнеролик көрсетіліп, қоғам қайраткері Алмагүл Божанова, колледж ардагерлері Несіп Сармағамбетова, Рахат Наурызбаева және Күлзай Ермағамбетова ұстаздары жайлы жылы естеліктерін бөлісті. Колледж түлектері,

педагогика ғылымдарының докторы, академик Шәркүл Таубаева, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ботагүл Тұрғынбаева, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының профессоры Абиля Көздібаева жүрек-жарды тілектерін мен естеліктерін ZOOM платформасында тікелей эфирде жолдады. Туыстары атынан сңілісі Зәмзәм Рысбекова сөз алып, ыстық ықыласын білдірді.

Жиын соңында білікті басшы, ұлағатты ұстаздың өмір, еңбек жолын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылған эссе байқауы жеңімпаздары марапатталып, «Жас толқын» шығармашылық клубы мүшелері өлең оқыды.

Сонымен бірге колледж түлектері Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Күлән Қалымбетова, ардагер За руха Әлімбетова, Мәдениет саласының үздігі Айқын Кенжеғараева және «Енер» бөлімінің оқытушылары әннен шашу шашты.

«СБ» ақпарат



Ж.ЖАБАЕВ – 175

ТЫҢДА, ДАЛА, ЖАМБЫЛДЫ!

Сәрсенбі күні Шиелі аудандық Бұлабай Қабылұлы атындағы Мәдениет үйінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне және де жыл алыбы – Жамбылдың 175 жылдығына орай аудан әкімдігінің қолдауымен «Тыңда, дала, Жамбылды!» атты облыстық дәстүрлі әнші-жыршы-термешілер фестивалі өтті. Дәстүрлі өнер мерекесіне Сыр бойының айтулы жыршы-термешілері қатысып, ұлт тәрбиесінде биік орын алатын рухани қазына қоржынынан шашу шашты.

Жыр кешін аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов ашып, жандуниі байлығын арттырар жыраулық дәстүрлін Сыр бойында тіні үзілмей келе жатқанын айтты.

Жыр алыбы атындағы фестивалға Руслан Ахметов, Шолпан Бимбетова, Серік Жақсығұлов, Майра Сәрсенбаева, Айдос Рахметов, Акмарал Ноғайбаева, Жақсан

Жәнібек, Әділхан Қуанбаев, Нұртілек Ақтаев, Ізбасхан Дәулетхан қатысты. Ал фестивальді тарих ғылымдарының магистрі Марат Сүгірбай жүргізді.

Жиын соңында өнер фестиваліне қатысушыларға сый-сияпат жасалып, алғыс хаттар табысталды. Шараны Шиелі аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері жоғары деңгейде дайындап, өткізді.


Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы



ДАРХАН ДАЛА

Төрт көз түгел көк жайлауға көшіп-қонып, төрт түлік мал өрісіне еркін жайылған осынау мезгіл – ауылдағылардың көңілдерін кенге, кежімдерін керге салып, үй-үйді аралап ақ ішетін шарапатты шағы еді. Күшәла немесе аютұяқ (тау өсімдігі) қосып сапырылған сары қымыз буындарын босатып, масаңдатып, маужыратып жіберсе, қойын-қонышын аралаған тау самалы қайта сергітіп ала қоятын. Жүрісті атқа мінген келісті азаматтар қымыз ішіп, үйден үйге шұбап бара жатқанда сұлулығын сөзбен сипаттап жеткізе алмас сайын сахарға тіпті де сән қоса түсетін...

Сұлулығын сөзбен жеткізе алдым ба?



Таң атар-атпастан әйелдер қауымы шелектерін қолына алып, әр үйдің маңында сиыр сауылып жататын. Содан соң бала-шаға сиырларды бөлек, бұзауларды бөлек өріске айдап жіберіп, бір күндік үлкен міндетіне (бұзауларды уақ-уақ түгендеп, енесіне қосылып еміп қоюдың алдын алуға) кірісетін. Қойшылар да қойларын өріске қарай санап шығарып салып жататын. Ауыл жігіттері жылқыны жыпып келіп, құлындрды байлап үлгереді.

«Алаш Алаш болғалы, алаша таққа қонғалы...» саптағындағы қымыздан қылғыта жұтып жіберіп, күсжастығын қолтығына қыса қисайған әкем әңгімесін бастаушы еді...

«Біздің қазақ қазанына ас салғанда бір-екі адамдық сыбағаны артық салады. Сонымен тамақ дайын боларда үйдегі кішкене баланы манайға жүгіртіп жіберіп, жөк іздеп, жол жүріп бара жатқандар болса шақыртып алып асқа отырады. Дарқан көңіл қазағым, міне, осылай тіпті шақырылмаған қонақтың өзінің сыбағасын дайындап отыратын болған...». Бүгүлі мен үңілуі табиғатында қатар бар ауызы дуалы ақсақалдардың дастарқан басында таусылмайтын тағылымды әңгімелеріне бір қанып қалатынымыз.

Кешкілік күн ұясына қарай еңкейгенде күні бойы сауында болып аңқасы кепкен биелер бір күндік міндетін аяқтап желіден босатылысымен әуелі өзенге қарай құйылатын. Осыдан көп ұзамай бұзаулар мөніреп, сиырлар аңырап, әр үйдің маңы азан-қазан болып кететін. Кезекте – сиырдың кешкі сауымы. Қарағайлардың тамырынан тартып, тақап байланған бұзауларын жалап-жұқтап манғаз Зенгі баба тұқымы таң атқанша алысқа кетпейтін еді...

Сиырлардың кешкі сауымынан кейін ауылдың жастар жағы «Ақсүйек» ойнауға жиналатын. Әппақ жоңқасын шығарып жонып алған ағашты айдың жарығында сайға қарай лақтырып жіберіп, артынша солай қарай төгіле кетеміз. Сондай түндерде ойын орайынан пайдаланып, сырттай ұнатып жүрген, көңіл ауып жүрген сылқымдардың тамырын басып қалушы едік...

Қырқа-жоталарға бытырай қоныстанған киіз үйлерден будақ-будақ түтін шығып, есіктерінен жылтылып сәуле көрініп қана тұратын. Малдар да маңырауды қойған. Балалардың да шуылы саябырлап барып тоқтайтын. Тау іші мүлгіп кететін...

Осынау табиғаты таңғажайыпқа толы, тау-тасының, сай-саласының бәрінен қазақтың ісі аңқып тұратын қасиетті мекен – менің туған жерім – Қытай Халық Республикасындағы Шыңжаң Іле аймағы, Қас бойы жайлауы еді. Ол жерде ғасырлар бойы салт-дәстүрінің, ана тілі мен ата дінінің қаймағын бұзбай, берекесі айрандай ұйып келген орта жүз Найманнан тарайтын Матай ішіндегі Қызай деген ел жайлайды.

Ер жетісімен атажұртқа жол алып, сол бір құтты мекеніме кіндік қаным тамғанымен, маңдай терімді тамыза алмадым. Анашымның ақ жаулығы желбіреп қара жолға шығарып салғанына да біраз жыл аунады. Бұл күнде Алаштың анасы атанған Сыр елінде оқуда жүріп сонау дүниенің бір түкпірінде қалып бара жатқан ауылымды, бауырымды сағынып жүрген жайым бар...

Жамбыл БАҚЫТӘЛПҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
1 курс студенті

ҮЙРЕНЕТІН ҮРДІС

Байқоңырлық бағбан

Халқымыз «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналықтың паркын ұрпағының бойына сіңірген. Баба аманатына адалдық танытып, сауапты әрекет жасап жүргендер баршылық. Сондай жанның бірі, Байқоңыр тұрғыны Қаласбай Көптілеуов қажырлы еңбегінің арқасында қала жұртының құрметіне бөленді.

Сb Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Ол бірнеше жылда көп-қабатты үйдің қанырап тұрған ауласын нағыз жасыл оазиске айналдырған. Барлық көкөніс пен жеміс сырттан келетін, жақын маңда бау-бақша бірлестіктеріне орын жоқ Байқоңыр үшін бұл өте маңызды.

Көктемде Қаласбай Көптілеуовтің бағында өрік пен шие гүлдегенде жас жұбайлар кортеждері келеді. Гүлденген жеміс ағаштарының саясында қарттардың батасын алып, неке кию жақсы дәстүрге айналған. Жазда Қаласбай ата өрік жеуге келген көрші аула балаларын бағбандыққа баулып, табиғатты қорғауға үйретеді.

– Бағбандық – өмірдегі ең сүйікті ісім. Бала кезімнен жақсы көретінім. Бұл – жанға рахат сыйлайтын жұмыс, – дейді Қаласбай Көптілеуов.

Ол отбасымен Қазалы қаласынан Байқоңырға көшіп барған кезде ауласын көгалдандыра бастаған.

– Шаршы метрлеп асықпай жұмыс істедім, тырыстым. Қаланы жасылдандырып, көріктендіре түссем деген талабым зор болды, – дейді ол.

Бағбан ол үшін жұртқа үлгі көрсетудің өзі жеткілікті деп санайды. Қаласбай Көптілеуовтің ауласындағы жеміс ағаштары мен жабайы жүзім үйдің қасбетін бесінші қабатқа дейін шырмай өскен. Мұны көрген өзге аула тұрғындары да ауласын осылай безендіруді қалаған екен. Бағбан оларға көшеттерімен де, кеңестерімен де қолдау білдіріп, көмегін аяған жоқ.

– Көшет үшін ақша алмаймын, өйткені олар сауапты іс жасағысы келеді. Ал жасыл желек – жер шарының өкпесі. Өскінге күтім, бір жағынан жанға жағымды жұмыс, әрі қоршаған ортаға пайда. Сұрағандарға көшетті қажетіне сай бе-



ремін, отырғызуға көмектесіп, күтім жасауға керек кеңестер айтамын. Өз көшеттерім отырғызылған аулаларға жиі барып, қарап тұрамын, – дейді ол.

Қаласбай ағаның басқа аулаларға отырғызған ағаштарына барлық тұрғындар бірлесіп күтім жасайды. Қаланың көрікті орындарының біріне айналған бағбанның ауласын әкімшілік басшысы қоршап берген. Бірде оған Константин Бусыгинге дейін қалалық әкімші-

лікті басқарған Анатолий Петренконың өзі келген. Жұртқа үлгі болар жұмыстары үшін «Мичурин» деп атаған екен.

Байқоңыр әкімшілігінің мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс бөлімінің бастығы Виктор Новиков Қаласбай Көптілеуовті қала тұрғындарының барлығы құрметтейтінін айтады.

– Мен ол кісімен 12 жылдан бері көрші тұрамын. Жақын таныған адам Қаласбай Көптілеуовтің бойынан мейірім мен адалдық сияқты қасиеттерді байқайды. Ол көмек сұраған жанға шын жүректен қол ұшын созуға даяр жан. Қандай мәселеге кезіксе де бейжай қарамай, жауапты мекемелерге барып жағдайды түсіндіреді. Ұсынысын айтады. Өз күшімен де тұрғындар үшін көп нәрсе жасайды. Қаласбай Көптілеуов секілді жастарға үлгі етерлік жандар көп болса екен деген тілегіміз бар, – дейді ол.

МИНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Тиын, түйреуіш, ойыншық...

Суреттегі тиындарды нумизматиктің жинағаны деп ойлап отырған боларсыз. Әсте олай емес. Бұл – балалардың байқаусызда жұтып қойғаны. Ерекше коллекция облыстық балалар ауруханасында сақтаулы тұр.

Сb Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Аурухананың эндоскопист-хирургі Мағжан Абытовтың айтуынша, онда тиыннан да басқа ірілі-ұсақты небір бұйым бар. Кішкентай пациенттер бәрін үйдегі үлкендер көзін ала бере қылғытқан.

– Бізге көбіне монета, ойыншық, түйреуіш, батарейка, тағысын тағы жұтып қойып түсіп жатады. Бірде ішіне ашық тұрған түйреуіш кетіп қалған үш айлық сәби жеткізілді. Қиындығы сол, ол өнешке қадалып, кері қарай орналасыпты. Абырой болғанда, облыстық

медицина орталығындағы әріптесіміз Айбек Ақбаев екеуміз бала жанына араша түстік. Пациенттеріміздің арасында төрт тиынды қатар жұтып қойған да жағдайлар кездесті. Әйтеуір, оларға көмектесе алмаған кезіміз жоқ, – дейді дәрігер.

Кейіпкеріміз бұл салада екі жылдан бері еңбек етіп келеді. Талай уақытын операция үстелінің басында аяғынан тік тұрып өткізуге мәжбүр. Күніне кемінде бір, әрісі бес-алты сағатын сарп етеді. Дәрігер асқазан-ішек жолдарына түрлі зат кетіп қалғандар саны былтырғыдан көп екенін жеткізді. Сондықтан үлкендерден әлі оң-солын білмейтін ойын баласын бір минут та бақылаусыз қалдырмауды ескертті.

– Кейде дәнге, шемішкенің қабығына, балықтың сүйегіне шашалып қалуы мүмкін. Ондайда алдымен тексеру жүргіземіз. Расымен, бір нәрсе жұтып қойса, денені жансыздандыру арқылы бронхоскопия жасаймыз. Бронхоскоптың көмегімен бөгде бұйымды қысқышпен аламыз, – дейді дәрігер.

Эндоскопиялық тексерудің артықшылығы – денені кесіп-тілмей-ақ тексеру, емдеу мүмкіндігінде.